Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№12 (14), 21 маусым, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

ҰЗАҚ БАТЫР ҚАЙ ЖЕРДЕ СОҒЫСҚАН?

2-бетте

АУДАНЫМЫЗДАҒЫ ҮШ МЕКТЕПКЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ



Алматы облысының Панфилов ауданындағы үш мектепке қазақ зиялыларының есімі берілді.

Панфилов ауданы әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Панфилов ауданында бұрынғы А. Луначарский атындағы орта мектеп-гимназияға даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының есімі берілді. «Көктал орта мектебі» мектепке дейінгі шағын орталығы мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың атымен аталатын болды. Сондай-ақ, Сәтжол орта мектебіне алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың есімі берілді.

«Қазіргі уақытта Үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Енді аудан әкімшілігі тарапынан атқарылатын тиісті жұмыстарды атқарып жатырмыз», - деді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Арман Юсупов.

Айта кету керек, бүгінде Панфилов ауданында орта білім беретін 50 мектеп бар.

Қуаныш құтты болсын, жерлестер!

«Жаркент айнасы»

ЖАЗЫЛЫМ-2019

Құрметті оқырман!

Газетімізге алдағы 6 айлыққа жазылу жүріп жатыр. Осы сәуір, мамыр, маусым айларында «Жаркент айнасы» газетіне 6 айға жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексіміз – 65161. 6 айға жазылу бағасы – 1232 теңге.

Өткен тарихқа үңіле көз салсақ, Қазақ ел болып ірге көтергеннен кейін-ақ өмірін соғыспен өткізе жүріп, қайтпас қайсарлығымен еш жауға берілмей өмір сүріп келе жатқан батыр халық екендігін бүгінгі егеменді елге айналуымыз паш етіп тұрғаны анық. Сонау алыс, осыдан төрт жүз жылдай бұрын, Қазақтың сорына жер бетінде пайда болған Жоңғар мемлекеті құрылмай тұрғанның өзінде Қалмақтың Ойрат тайпасы қазақ жеріне соғыс ашып, адам қырудан әккі жауыздығын өзіне мәртебе санағандығын тарих айтады. Осындай қисапсыз қырғындарда елі үшін, жері үшін қанын төгіп жанын берген ерлеріміз туралы Қазыбек бек Тауасарұлы бабамыз сияқты ғұламалар тарих бетіне тамтұмдап қалдырған бірен-саран ерлеріміздің аты-жөні болмаса біздің одан өзге білеріміз де аз.

Ұшарын жел, қонарын сай біліп жау талаған, ажал қамаған, тоз-тозы шыққан, тау-тасқа бұққан шарасыз ел қолына қалам алып тарих жазып қағаз түрту орнына, ашымайға аяғын арта алмайтын алты жасар баласына найза ұстатып жебе тартуды үйретуді оқудан анағұрлым артық көріп өмірі өте бергенін ғана білеміз. Әсіресе қазіргі еліміздің шығыс шегара шебі төңірегінде жайлаған Суан деген жұрт сол заманда көбіне қалмақтардың табанының астында қалғандығында тарих растайды. Жоңғар жойылып Қазақ елі орысқа бағынышты бола бастаған күндер туғанда, көргендері көз алдынан кетпей, естігенін есіне сақтайтын сұңғыла сүлейлермен, сөз мәйегінен май шайқайтын, өткен күннің өзегін ақтарып алдыңа келтіретін, өрелі ойының өрісі кең, көпті көрген көсем қарттар әңгіме арқауын, өткен сұрқылтай заманға бұрғанда елін қорғаған ері, жау қолында қалған жері туралы неше алуан әңгіме ақтарып, одан қалды ақын-жыраулар бәйіт, сайыс айтысына арқау етумен бүгінге дейін жеткізген. Сол өткеннен біздің де естігеніміз атадан балаға жалғасып келе жатқан ауызекі аңызға айналған шындық оқиғалар еді. Басқа елдегідей тарих ретінде хатқа түсіп қатталып, шаң басып жатқан жерінен қолға іліндіріп, бетін ашып «бәлен деген батырымыз түген деген жерде жауды жеңіп ерлік көрсетіпті» дегенді оқитын көп ғасырлық архивтік дәлеліміз болмағандықтан бабалар өмірінен жылы сөз естиміз бе деп өзімізден қырық-елу жас үлкендердің аузына қарап өскендігіміз ешкімнен жасырын емес. Сол қасиетті аталарымыздың ескертіп кеткен есті сөзінде айы мен жылын тап басып көрсете алмаса да Суан деген рудың ұрпақтары кезінде Жоңғарлар соғысындағы қан майданда небір ерлік көрсеткен ерлерін мақтанышпен атап бір-біріне мақұлдатып отыратынын бала кезден бізде естіп қалғанымыз бар. Естілер сөзін солай ұққан жазықсыз құлақ миға апарып шегелеп берген соң ұмыта алмайды екенсің. Сен ұмытайын дегенмен көкірегіңе ұялаған батырлар рухы оқтын-оқтын есіңе салғанда ғана «қайран бабалар елің үшін істеген ерліктеріңді бізден кейінгі ұрпақтарыңа жеткізе білсек» деген ой мазаламай қайтсін. Мен де ержете бастағанда үлкендер аузынан түспейтін, жаугершілік заманда еліне қорған жеріне қормал болған ержүрек батырларымыз Ұзақ батыр, Тайлақ батыр, Матай батырлардың аты-жөнін көп естігенім бар. Бірақ Матай батыр туралы, Қабанбайдың қолы қан майданға кіргенде ылғида туын жоғары ұстап алғы шепте айдынын асыра жүретіндіктен туы бір сәт еңкеймей соғыс жеңіспен аяқтала бергенін көрген ел, «жолы болғыш ту ұстаған Матай» атандырып жүріп ақыры «Туматай» аталып кеткен деген бір ауыз сөзден басқа Ұлы баба туралы бізге ештеме жетпепті. Ұзақ батыр, Тайлақ батыр жөнінде де елін, жерін жауға бермеген ер жүрек ерен адамдар болғанынан басқа білеріміз аз.

Баяғыда үлкендеріміз «алтын іздеген аяғының астын қарар» деп отыратын-ды. Адамға бар керектіні жер анамыз қойнауына жасырып жатқандықтан айтылған мақал болар. Сол сияқты асыл бабаларымыздың басынан өткен ерлігі мен соңғы демі үзіліп жүзін жасырған жерлігі туған топырағымыздың қай бұрышынан бұйырды екен деген менің алаң көңілім біршама орнына келгендей. Өйткені Суанның Солтанғұл руынан шыққан Ұзақ батыр бабамыздың Жоңғарлармен қан майдан ашып жеңіс туын желбіреткен жері табылғандай көңілім тоғайып қалған сияқты. Ол жер мына Текелі тауының алқабында көрінеді. Мен бұрында сол Текелі ойпатында Жоңғар қалмақтарымен болған айқасты, содан кейін де соғыс аяқталып біршама уақыт өткен кезден соң жер ауып кеткен Ақша аталарымыздың баласы Естеместен тараған Байбұға, Тайбұғалардың Текелі аңғарының оңтүстігіндегі Сатылы сайына келіп көп жылдар тұрақтап қалғанын білуші едім. Осы әңгімелер негізінде сұрау сала жүрудің нәтижесінде сол жақта тұратын Байдәулет інімнің арқасында біраз анықтамаға көз жеткізгендей болдым. Ол да көргенін көңіліне тоқып жүретін текті азамат екен.

Текелі қаласының шығысынан Жоңғар алатауынан басталған үш өзен ағып келіп бір-біріне қосылған соң «Текелі өзені» аталып қала ортасынан басысқа қарай өтеді. Текеліге құятын Қора өзені алғашқы бастауын 3889 м биіктікте жатқан Безсанов және Салжоников мұздағынан алады. Одан кейін 2827 м биіктіктен төмен құлай ағып «Қора» өзені деп атала бастайды.

Солтүстік батысқа қарай жылжи отырып 3744 м биіктегі Тронов мұздағынан шығатын Шұңқыр бұлақ суын қосып алып одан еңістей Қасқа бұлақ, Тасты бұлақ, Сылдыр бұлақ, Тентек бұлақ сулармен көбейгеннен кейін оңтүстік батыстағы Мыңшұқыр тауына қарай бұрылып, Текелі қаласының шығысынан Текелі өзеніне құяды.

(Жалғасы 3 бетте)

ШЫҢҒЫС ХАН МОҢҒОЛ МА, ҚАЗАҚ ПА?

Адамзат тарихындағы өмірге келген ұлы тұлғалар баршылық, олардың бірі азуын айға білеген билеуші, бірі жаужүрек батыр, енді бірі ғұлама данышпан, келесісі өнерпаз, т.б. Сөйтіп бұл тізім ары қарай жалғасып кете береді... Соның ішінде ержүректігімен, қолбасшылығымен және даналығымен әлемге әйгілі болған, ұлы тұлғалардың бірегейі – Шыңғыс ханға қатысты тарихи құпиялар, оқиғалар мен аңыздардың, мифтердің – ол өмірден өткелі нешеме ғасыр өтсе де әлі күнге дейін толастамай, жылдан-жылға үдеп бара жатқандығы кімді болса да бей – жай қалдырмасы анық. Оның бірденбір себебі, тарихтың жасырын, кейіннен ашықтан-ашық бұрмалануы, яғни, Түркі текті Шыңғысханның, Түркі тектес халықтардың және оның бір бұтағы Қазақ халқының өткен тарихы мен руханиятына, мәдениетіне қолдан жасалған қиянаттың зардабы, салдары деп, түсінген жөн.

Сөйтіп, 1211 жылы Құрылтайда мемлекеттің жаңа атауы бекітіліп, оған қараған бүкіл көшпенді жұрт «**Моғұл**» атанды. Иә, бұдан біздер «моғұл» атауы тарихының тым тереңнен бастау алатындығын, яғни бұл атаудың сол кезеңде қайта жаңғырып тарих сахнасына шыққан кезеңі болар деп болжаймыз. Енді ойымызды мына мәлімет арқылы түйіндесек: «... *байырғы жұрты Дәшті – Қыпшаққа түп көтеріле ауған соң қаңырап қалған Ұлы Далаға бірте – бірте жылжи көшіп, ақыры Шыңғыс ханның түпкі қонысына ие болып қалған Халха өзінің* ***моңғол*** *екенін советтік орыстың көмегімен тек 1923 жылы ғана біліпті*». (Екінші кітап. Шыңғысхан журналы. №4.(9) 2013. 73 - бет)

Енді бұл мәселенің ары қарай жалғасуын тарқатайық. 1240 жылы Шыңғыс ханның кенже інісі Отшығынның найман тілінде жазған «Шыңғысхан жайлы қаһармандық дастанды» - латын тілінен орыс тіліне бұрмалап аударған А.С.Козин, нәтижесінде - Шыңғысханды **«моңғол»** деп жариялады. Ал, осы еңбекті моңғол тіліне аударған – Далнесурын, «Чингизхан как полководец и его наследие» кітабының авторы Э.Хара-Даван және Е.Кычановтар да оны қолдап осы жолмен жүрді. Бұлардың бәрі өз еңбектерінде бүкіл түркі руларының бәрін «моңғол» етіп көрсетті. Мысалы: «1206 ж. көктемде Өнен өзені бойында монғол тайпаларының құрылтайында Темучинді (Теміршін) ақ киізге көтеріп **хан** (*хонтайшы емес)* етіп жариялайды...» ол рулар: меркіт, керей, татар, үйсін, найман, қоңырат т.б. Енді бұған не дейсіз?! Қайдағы «монғол», бұлардың бәрі де, түркі рулары ғой.

Әсіресе, Түркілердің, Шыңғыс ханның, Қазақтың тарихы оларға үрей мен қызғаныш әкелді. Сондықтан да бұл жолдағылар құдаланып, түрмелерде азап шекті. Оған мысал: отаршылдық езгінің күшеюі, ұлт – азаттық көтерілістердің аяусыз басып – жаншылуы, сондай-ақ, Кеңестік тарихнама отаршылдық саясаттың зорлық – зомбылық арқылы іске асатынын мойындай отырып, «...*ұлт – азаттық қозғалыс көсемдерін дәріптеуге» (С.Датұлы, Исатай мен Махамбет, Жоламан, Жанқожа батырлар, Кенесары хан т.б.*) түбегейлі қарсы шығуы, ұлт тұлғаларының, Б.Сүлейменов, П.Галузо сынды тарихшылар мен М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан сияқты жазушылардың, ғалымдардың т.б. құдалануы, «Алашорда арыстары» мен 1937-1938 жылғы құғын – сүргін, «Бекмаханов ісі», «космополиттік» айыптар, кейін де бұл жағдай 1986 жылғы Желтоқсанда «ұлтшыл» деген атаумен өз жалғасын тауып, тәуелсіздікке дейін ұласты. Ал, осы жолдағы тарихты бұрмалаушылар, отаршылдық саясаттың сойылын соққан жағымпаздар мен сатымсақтар үлкен марапатқа ие болып құрметтелді.

Уақыт өте келе тәуелсіздік таңы атып, қазақ тарихында үлкен бетбұрыс кезеңі белең алып, ұлттық рух оянып, ақиқат пен шындық халыққа жариялануда.

Аталмыш Шыңғыс хан жайлы қаһармандық дастанның қытай тіліне «Юань Чао Би Ши» деп аударылған мәтінінде жазылған өлең жолдарының алынып таслалуы да күмәнді ойларға жетелейді. Неге десеңіз бұл өлең - жырда қазіргі қазақ сөздерінің 70%-ы кездесетіндігі анықталып отыр. Осы бұрмалаушылықтар көшпелілердің ата тарихындағы қара дақ болса, оның шырқау көгінде жұлдыздай жарқырап шындық тұр. Ол шындық Шыңғыс ханның тегінің түркі, оның ішінде қазақтың қият руынан екендігі. Ата-тегін тарқатып көрейік: **Әбілғазының «Түрік шежіресінде:»**

Елхан Нүкүз – (жалайырлар)

Қиян (қият) – Аланқо – Бұдыңжар мұнақ – Бұқа хан – Дотумен – Қайду хан-Байсаңқұр – Түмне – Қабылхан – Берден хан – Есукей – Шыңғысхан

Рашид-ад-дин «Шыңғысхан» эпосында:

(**Түркінің қият** руынан тарайды)

Датым – Манан - Қайды хан – Байсұңқар – Түмбен - Қабыл хан - Бартан хан - Есікей – Шыңғысхан.

Осы жерде **қият** руының шығу тарихына тоқтала кетсек, Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресінде»: «...Елханның көп ұлдары болды, бәрі соғыста қаза болады. Кіші ұлы Қиян мен інісінің ұлы Нүкүз ғана аман қалады, екеуі әйелдермен бірге тұтқыннан қашып шығып Еркінеқон (*Алтай, кейбір деректерде Орал тауы болуы мүмкін*) тауына барып қоныстанады. Сонда, өсіп-өніп, малды-жанды болады. Әсіресе қиян әулеті көп болады. Бұл әулетті **қият** дер еді. Рубасылар, батырлар ақылдаса келе, өздеріндегі бір теміршінің көмегімен жол тауып Еркінеқон тауын тастап шығады. (*Шамасы сол уақытта кен өндіріп, қару-жарақ жасаған болуы керек*) Ол кезде олардың **патшасы «...Бөрте шина -** деген **қият** нәсілінен, құрлас руының адамы еді».

Жә, жарайды – «Түрік шежіресіне» қайта оралайық:

...Осы **қият руының құрлас руынан Аланқо** деген, әйел үш ұл туады. Олардың нәсілі ғажайып көп болды, оларды **Нирун** деді, түркіше «Ару тұқым» немесе нұрдан жаралған деген мағына береді. Аланқоның үшінші ұлының аты – Бұдыңжар мұнақ еді, ол хан болды. Одан – Бұқахан, одан Дотумен, оның тоғыз ұлы болған еді, олардың сегізін жалайырлар өлтіріп, тірі қалған үлкен ұлының аты – Қайду хан, одан Байсұңқар, одан Түмне хан, оның алтыншы ұлының аты – Қабыл хан, оның үшінші ұлының аты – Есукей баһадур, оның үлкен ұлы Шыңғысхан. Есукейдің бес ұлының көпшілігі шикіл сары, көздері қызғылт болды, сондықтан да оларды моңғол нәсіліне жатқызу тіптен мүмкін емес еді.

Ал, Шыңғысханның әкесі Есукей осы Қият пен Тәйжігіт тайпаларының бірінші мемлекетінің елағасы болған. Олар бір-бірімен онша тату емес еді. **Есукей өлгенде тәйжігіттер, қияттардан бөлініп көшеді**, Шыңғысханды (*Теміршынды*) тұтқынға алып, құлға айналдырғысы келген. Екі тайпа жауласып қаңқұйлы – жанжалдар орын алған.

Сонымен, бұл жердегі менің негізгі айтайын деп отырған түйінді мәселем Шыңғыс ханның тегінің Қияттан тарайтынын айта келе, ізденіс жұмыстарының олқылығынан, жаңылысып **«Қиян мен Қияттарды»** бір ұғым деп қабылдауымнан туындап отыр. Тарих ғылымы саласында, түйткілді мәселелерде алдыңғы толқын ағаларымыздың бар білім мен ерік-жігерін жұмсап жазған ғылыми еңбектері кезкелген шығармашылық адамы үшін таптырмас құрал. Сондай құнды жәдігердің бірі - зерттеуші, т.ғ.д. Т.Омарбеков, т.ғ.д. Г.Хабижанова сынды саңлақ ғалымдарымыздың **«Қоңыраттардың орта ғасырлардағы тарихи тамырлары»** атты мақаласын ерекше атап өткім келіп отыр. Себебі, сіздер келтірген тарихи мәліметтер мен жіберген қателік пен жаңылыстықтың астарын ашып, бәрін рет-ретімен жүйелеп өз орнына қойып берді. Сіздерге мың алғыс!

Жалпы, Шыңғыс хан жайлы мақаланы жазу барысында жоғарыда жазып өткенімдей «...Жалайыр емес Қияттан тарайды» – деп, бұра тартқаныма, ізденіс барысындағы көне шежірелер мен тарихи кітаптардан оқыған, әңгіме арасында айтылған көптеген дәлелдер мен дәйектерімнің мағынасын жете түсінбегенім де себепші болды. Мен соның тек біреуіне ғана тоқталып өткенді жөн көріп отырмын. Мәселен, қазақ жұртында ертеден айтылып келетін **«Қият, Қыпшақ бір туған!»** деген аталы сөз бар. Осы сөзге басымдық беріп, нәтижесінде Шыңғысханның шығу тегін Жалайырға жатқызбай, «Қият Шыңғысханды Қыпшақпен бірге туыстас болар» деген жорамалда болып едім.

Енді осынау ізденіс пен шығармашылықтың нәтижесінде, Қият (Қоңырат) пен Қыпшақтың түбі түркі, бір туғандығының ақиқаттығына және қаншама ғасырлар өтсе де, тегі туыстығынан ажырамай әлі күнге дейін Қазақтың Орта Жүз шежіресінде тең, қосарлана аталуының тарихының мәнін жете түсініп, тәнті болдым. Бұған бұрындары тегі Қияттан тарайтын - *Қоңыраттың* ата шежіресін жете түсінбеудің де әсері болды-ау...

Мәселен, шежіреші З.Сәдібекұлының жазбасында: «Қияттан – Жорлық Мерген, одан Қоңырат, яғни осы рудың билік тізгінін қолына алып көзге түскеннен соң, аты ұранға шығып соңынан ерген жұрты да *«Қоңырат»* аталып кеткендігі айтылған. Шамамен, бұл этнонимнің пайда болу уақыты - Шыңғыс қаған заманынан бұрынғы V-VII ғасырларға барып тіреледі екен. Ол кезде «моңғол» сөзінің аты түгілі заты жоқ еді. Ал, Шыңғыс ханды хан көтергендегі 15 бидің бірі болған Сеңке би осы Қияттан шыққан Қоңыраттың ұрпағының бірі болатын.

Аталмыш деректерді енді Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресімен» салыстырып көрейік: «... У одного человека из поколения Кыян было три сына. Старший сын назывался Чурлык – Меркан... У Чурлык – Меркана был сын по имени Конкират...» Байқап қарасаңыз бұл жазбаларда Орта Жүз Қоңыраттардың арғы бабалары бірде «Қият», екіншісінде «Кыян» болып жазылған. Ой елегінен өткізіп саралап байқасаңыз осындай сәйкессіздіктер біздің көне шежірелер мен тарихи деректерімізде көптеп кездеседі. Әрине, бұндай жағдайлар зерттеушілік, ізденіс жұмыстары кезінде біршама қиындықтар тудыратын осы сала мамандарына жақсы таныс құбылыс екендігіне еш шүбә жоқ. Дегенмен, бұдан шығар шығар түйін, **«Қият пен Қиян»** екеуі екі басқа адам. Мысалы, Әбілғазының «Түрік шежіресі» бойынша Қоңыраттың ұрпағы Сеңке биміз – **Қияннан** тарайды. Ал, Шыңғысханның **«Қият»** аталуы жақын аталарының бірі Бұдыңжардан басталады. Рет-ретімен жазып көрсетелік:

1) Қиян (V-VIIғ.) – Жорлық Мерген – Қоңырат (*арада 17-20 ата шежіресі ұмытылған*) – Сеңке би (*Шыңғыс ханды хан көтерген 15 бидің бірі*)

2) Қабыл хан – Бартан хан – Қият (*Бұдыңжар қият*) – Есугей (Қият) – Шыңғыс хан (Қият)

«...Қабыл ханнан таралған алты өжет, батыл балаларды «Қияттар» деп атады. Өйткені ол батырлар таудан атқан бұлақтай жылдам болды..» (*Әбілғазы «Түрік шежіресі»)*. Бұл жердегі «Қият» шежіресі Шыңғысханның арғы атасының бірі Бұдыңжардан басталып тұр. Және бұнымен қатар Қоңыраттың арғы тегі Қияндар жайлы деректер V-VII ғасырлардан басталса, Шыңғысханның Қият аталуы туралы Қытай жазба мәліметтерінде бергі XII ғасырлардан кейін ғана жазыла бастағандығы мәлім болып отыр. Яғни, одан бұрынғы Қытай жазбаларында «Қияттар» жайында еш деректер кездеспейді дегенді білдіреді. Бұл жерде тағы айқындай кететін жағдаят Әбілғазының шежіресіндегі – «... Ергенеқоннан Жалайырлардың атасы Нүкүзбен бірге шыққан «Қият» емес, тегі бір түркі Қоңыраттың атасы – Қиян» деген түсініктің көңілге қонымды екендігін де назарға алып отырмын.

Енді жиған-тергенімізді бір нүктеге жинақтап, жүйелеп алайық: Демек, сонымен Ергенеқоннан шыққан Елханның кіші інісі Нүкүз - Ұлы Жүзге жататын Жалайырлардың арғы атасы болып шығады. Әлемге аты мәшһүр Шыңғысхан жанкештілікпен бар ғұмырын жұмсап құрған мемлекетін **Еке Моғұл ұлысы** – деп, атады, яғни, моғолдар империясы. Ендігі кезекте жарты әлемді дүр сілкінтіп, ұлы далада билік құрған моғолдардың этностық құрамына үңіліп көрелік. Мәселен, шығыстың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов моғол мен жалайырлар хақында: «*Моғол мен монғолды айыра білген жөн. Моғол – жете, чете жалайыр тайпасының тармағы*» дегенді тектен – текке айтпаса керек. Сондықтан да Үндістанда құрылған Ұлы Моғол мемелекеті, Жетісу мен Қашқарда құрылған Моғолстан, яғни, «Моғол» мемлекеттіліктерінің атауы бір тамырлы, бір мағыналы атаулар екеніне дау болмасы анық. Олай болса, қазақ халқының негізін қалаған іргелі тайпалардың бірі осы аталмыш моғол – жалайырлар екендігін де қазақ шежіресінен білеміз.

Және бір шығыстың талантты жазушысы, ақын, заманының озық ойлы адамы һәм мемлекет қайраткері, Ұлы Моғол мемлекетін құрған Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр өзінің «Бабырнама» тарихи жазбасында: «...*Моғолдардың дәстүрімен ту желбіретті. Хан аттан түсті. Хан алдына тоғыз ту әкеліп, жерге қадады... Моғолдар бір кезде Шыңғысхан орнатқан тәртіпті әлі күнге дейін қолданып келеді. Оң қанаттың жауынгерлері – оң жақта, сол қанаттың жауынгерлері сол жақта, орта топ – ортада, барлық тайпаның сарбаздары да белгілі орындарында, сол Шыңғысхан жарлығындағы әдетті ұстайды»* деген деректеріндегі *(«Бабырнама», «Жалын», 1990 ж. 121 – бет.)* - осынау ғасырлар бойы сақталынып ұрпақтан – ұрпаққа қатаң түрде өзгеріссіз беріліп отырған қағидаттардың өзі ата – баба салтына беріктіктің айқын айғағы іспетті құбылыс болып тұр ғой. Ал, қазақтың ғұлама ғалымы Ә.Марғұлан өткен ғасырдың 1941 жылдары «...*Жетісудың сол кездегі саяси атауы Моғолстан болса, мекендеген тайпалары ресми тілде* ***моғол***» – деп аталады. Бірақ бұл *Моғол* деп отырған көшпелі тайпалар моңғол да емес, ұйғыр да емес, Түрік тілінде сөйлейтін сол жердің тарихи заманнан келе жатқан тұрғын халқы. Екінші түрде айтқанда *Моғол* деп аталған елдер Ұлы Жүз Үйсіннің құрамына кірген - үйсін, дулат, қаңлы, шанышқылы, жалайырлар» деген жазбасы бар («Моғолстан, моғолдар дегеніміз кімдер?» М.Қазыбек, «Ана тілі» №27 (1233) 10 – 16 шілде, 2014).

Мінекей, қаузай берсек аталмыш шежірелік құжаттар айналып келіп Нүкүздің Жалайырына келіп тіреледі, одан Қиятқа. Иә, ағайын біршама уақытымызды алып, ой-санаға маза бермеген осынау түйінді мәселе де сәті түсіп айқындалып келеді. **Сонымен, әйгілі Шыңғыс қағанның Жалайырдың Қиятынан тарайтынына көз жеткіздік. Ал, Жалайырымыз ата – бабамыз Қазақтың салт – дәстүрі бойынша Ұлы Жүздің белді руы, ноқта ағасы. Иә, ұлылығын әлем мойындаған ұлы тұлға Шыңғыс ханның қазақ екендігіне бұдан артық қандай дәлел керек?! Міне, енді ешқандай да күмәніміз болмасын!**

Қорыта айтқанда – әкесі қияттан, шешесі қоңырат, өзі қият, әйелі қоңырат (рулары), балалары – Жошы, Үкітай, Шағатай, Төле. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің бәрі де қазақтікі. Шыңғыс хан ұрпақтарының ішінен 38 адам, Қазақ хандығының тағында ата-баба салтымен билік құрды: ...Түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, тебінгісі терге шірімей, терлігі майдай ерімей, қасық қаны, шыбын жаны шыққанша қорғаған елі, жері, мемлекеті кімдікі, қазіргі кімдердің атамекені, ағайындар?!

Тарихтағы 1223 жылғы Шыңғыс хан өз билігіндегі ұлан – ғайыр өлкені жаужүрек төрт ұлына бөліп беретін ұлы құрылтай, Моңғолияда емес, исі түркінің ардақтысы қасиетті Түркістан қаласының маңындағы әйгілі Күлтөбеде өтпеп пе еді. Оның қазақ екендігіне басқа қандай дәлел керек? Марко Поло кітабында: «Еуропада татар атымен әйгілі болған халықтардың барлығыда түркілер, олар бір түркі тілінде сөйлейді, жазуда араб таңбасын пайдаланады» Мысалы: Құбылай қағанның Рим папасы Григорий Х-ға жазған хаты араб таңбасымен түркі тілінде жазылған (М.Поло кітабі, VII, VII, XVI тараулар). Қалай ойлайсыз, ол моңғол болса, Құбылайға өзінің мемлекетін басқаруда ана тілін қолдану соншалықты қиын болды ма?

Нақтылып айтсақ, Шыңғыс хан империясы – байырғы Сақ ұлысының, Ұлы Ғұндардың, Үйсін мемлекеттілігінің, Түркі қағандығының - Ұлы Даладағы қайта түлеген заңды мұрагері еді. Ал, одан кейінгі сол дара тұлға Шыңғысханның сара жолын жалғастырушы асыл текті ұрпақтары - туын тігіп, негізін қалаған – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Қазақ Хандығы туралы уәж айту әбестік болар деп ойлаймын. Неге десеңіз өзінің тарихи бастауын сонау біздің заманымыздан бұрынғы дәуірден алатын Ұлы Даладағы – ірі тайпалық бірлестіктер, мемлекеттер, қағанаттар, әйгілі ұлыстар, хандықтар, ондағы ғасырлар бойы қалыптасқан өркениет үрдістері мен мемлекеттік басқару жүйесі өзінен-өзі, бір-ақ мезетте аяқ астынан іс-тұзсіз сағымға айналып, жоғалып кетуі мүмкін емес жағдай ғой. Себебі, әлемнің әр түкпіріндегі (*біздің Ұлы Даланы қоспағанда*) тарихи ескерткіштер мен көне жазба шежірелерді жойып жіберу ешкімнің, ешқашан қолынан келе қоятын шаруа емес!

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Тарих ғылымдарының магистрі.
Жаркент қаласы.

ТОЛҒАУЛЫ ТОҚСАН ЖАСҚА КЕП...

Тоқсанның төріне шығып, айналасын қыран көзімен шолып отырған Қасен ағамызды саялы бақ мәуелі бәйтерек демеске әбдіңіз жоқ. Тұнық ойдан таспадай тізіліп шығып, өрнегін тауып тарап жатқан тыңдар құлақтың құрышын қандырар көне әңгімелер, өлендер, шежірелер жыраулардың көмейінен төгілген жырындай шығады.

Осыдан 100 жылдай бұрынғы алаасапыранда, яғни 1916 – 1917 жылдары Қорғас арқылы өтіп, Қытай халық республикасының Құлжа облысының Қорғас ауданына қарасты Ортақсу деген көрікті жерде дүниеге келген Қасен Нұрақынұлы отбасындағы 4 баланың бірі еді. Он екі-он үш жасында әке-шешесінен айырылып, туған-туысқандарының қолында өссе де басқа түскен қиындыққа еш мойымады. Он төртінде кішігірім қызметке орналасып, кейіннен жазу-сызуды меңгерген ширақ та байқампаз, сөйлесе елге сөзі өтетін жігерлі жігіт болып өсті. Еңбекпен есейген әрі тумысынан қарулы Қасеннің ойын-тойларда, соғымбасы отырыстарында ортан жілікті қолының қырымен ұрып сындырып тастап жүре беретін қайратына көргендер қайран қалатын. Жасынан мал қайырып, ыстық-суыққа төзіп қырда өскендіктен айналасындағы дүниенің қыр-сырын, шөптің, судың, тастың, бұталардың емдік қасиеттерін айыра білетін емшілік қабілет дарыған адам. Туылғаннан шашы шықпай қалған, алапеспен ауырған адамдарғада ем жасап, ауыруынан айықтырып жібергені де бар. Бір ғана тарихын толғап отырғанда жүздеген, мыңдаған адамдардың басынан кешкен оқиғаларды көзбен көргендей көңіл түйсігіңізбен сезініп, сол сәттерді өз басыңыздан кешіп отырасыз.

Кеңес өкіметі туғызған үрейдің Қытай жерінде оқуда жүргенде қолдарына берген кеңестік паспортты әкесінің ағасы қорқыныштан жыртып тастауы еріксіз әскер қатарына алынып, жеті-сегіз жыл ырықсыз жұмыс істеуі, сол кездердегі әртүрлі оқиғалардың бастан өтуі, бәрі-бәрі жаңылмайтын жадында жылнамадай жазылып тұр. Барлық жайдан хабары бар сауатты, тепсе темір үзетін іскер азаматты 1959 жылы мамыр айында Кеңес билігі жеріне өтетін кезінде Қытай билігі тоқтатып алып қайтадан Қарабақ деген жерге үш жылға қызмет етуге жолдап жібереді. Қытай өкіметі қолдарында Кеңес жеріне өтуге рұқсаттары бар болса да қисынсыз себептер тауып, жібермей жүргендерін білген Қасен ағамыз өзінің қайсарлығына салып, жершілдігіне басып, бір түнде әр үйге үш аттан таратып беріп, 120 отбасын алып Іле жағалауымен жылжып Қорғас кеденінен бірақ шыққан. Кеңес үкіметінде сол жылдарда 20 ғасырлардың 40-шы жылдарына дейін Қазақ жерінен Қытай территориясына әртүрлі үркіншілікте қоныс ауа көшкен адамдарға енді шекараның арғы жағынан бері өткен 200 мыңдай адамның көпшілігіне сенімсіздік білдіріп, Қазақстанның түпкір-түкпіріне: Шымкент, Жамбыл, Қостанай, Көкшетау, Павлодар облыстарына жібергендігі барша жұртқа аян. Қасен ағамыз көпті көргендігін көрсетіп, табандылығының арқасында кедендегі комиссия мүшелерінің айтқанына көнбей Талдықорғанның түбіндегі «Мұсабек» елді-мекенін таңдап, жанына ерген отбасыларды тастамай түгел алып келіп қоныс тепкен. Арғы жақтан бірге көшкендердің ішінде қазір сол төңіректе тұрып жатқан, қазақтанып кеткен бір-екі ұйғыр отбасылары да бар. 1962 жылдардан бастап «Мұсабек» атындағы кеңестік шаруашылықта малшы болған қария 40 жылдан аса еңбек етіп, өзінің жас кезінде, яғни бесікте жатқан шағындағы атастырған сүйген жары Мәрияшпен 15 балалы болып, демалысқа шыққан. Әңгіме барысында ұзақ жылдар ұжымды алға сүйреп, елді еселеген табысқа кенелткен Қазақстанның ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген көрнекті мемлекет қайраткері Шәбден Байбатшаев туралы айтқан естеліктері адамның жан жүйесін сүйсіндіреді. Шәбден Байбатшаевтың іскерлігі, басшылығы, ұйымдастырушылығы әсіресе өздері сияқты жер ауыстырып келген адамдарға деген қамқорлығы тебірентеді.

Абыройын асырып, еңбек етіп жүрген 9 баласынан 35 немере 37 шөбере сүйіп отырған Қасен қарияның тұқым-тұянағы ортаға алып әңгіме, жыр тыңдап жырғап отыратын сәттері жиі болады, сондайда сұңғыла Суан атамыздың баласы арғы жақта осыдан 70 жыл бұрын ел арасында айтылып жүрген, содан есінде қалған қазақтың Абылай ханы туралы жырды жатқа айта жөнеледі:

Абылай жас күнінде түйе жайған,
Шығады-ау ер болмаса аты қайдан.
Орыс кеп, Сібір жақтан Арқаны алып,
Қонысы Орта Жүздің біраз тайған.
Сол күнде ат үстінде ер азамат,
Батырлар сауыт киген неше қабат.
Рүстем әскер жиып, қамал бұзып
Рүстем, Қали сынды туған азат.
Қасымқан Абылайдың бел баласы,
Шығады айта берсе сөз данасы.
Қасымқан атасынан асып туған,
Көңілін көп дұшпанның басып тұрған.
Хан болды бір заманда Кенесары,
Дұшпанға ерегескен өтті зары, – деп

басталатын дастан, толғаулардың атасын қоршаған немере, шөберелеріне қазақ тарихынан хабар беретін, балаларды ерлік жолына бастайтын, олардың бойында жершілдік қасиетін қозғайтын, ұранды тәлімдер демеске лажыңыз жоқ. Мұндай абыройлы абыздар ел арасында біренсаран ғана. Көп жасаған жандар көп, ал көп жасап көпті көргендерін көкірегінен шығармай тәлім ретінде ұрпаққа жеткізе білу – өнердің шыңы. Ағамыздың 75-ке келген Ыбырай деген шалдың 13-14 жастағы Мәйкем деген қызбен айтысы нағыз халық ауыз әдебиетінің керемет үлгілерінің бірі. Өркениетке қадам басқан сайын ұмытыла бастаған жыршылық өнердің сақтаушылары да оталған ормандай сиреді. Өткен ғасырдың ұлы тұлғаларының бірі М.Әуезов: «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаны қайсы?» деген үлкендік қағиданы ұстанған ақсақалымыздың бірі Қасен аға екені осыдан көрінеді.

Ұзақ ғұмырындағы қажырлы еңбегімен әрі осы жылдардағы тағылымы мол уақиғаларды ұмытпай өлеңмен және сөзбен айтып, тәрбие жүргізіп отырған отбасының алтын діңгегі бүгінгі күні тоқсанның төрінде отырған Қасен Нұрақынұлы. Айналасында абыройлы әулеті, тасыған шалқар дәулеті, жайнаған ұл-қызды сәулеті келіскен ұясына жылуын шашып, ауылдың ажарын кіргізіп отырған ағамызды мерейлі тоқсан жасқа толған мерекесімен құттықтай отырып, ғұмырыңыздың ұзақ болуын тілейміз.

Құрметпен ініңіз,
«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы
Молот СОЛТАНАЕВ

МАҚТАП ЖҮРЕМ АТАМДЫ

Қасен атам – қасиетті, киелі,
Бүкіл адам ол кісіні сүйеді.
Ризалығын алып жатыр халықтың,
Мақтап жүрем сол атамды үнемі.

Дәулет атам – кіші атамның бірі еді,
Айтар болсам осы әулеттің тірегі.
Дәулет деген бай-қуатты, дәулетті,
Жақсы көрем мен осы бір әулетті.

Тыңдап жүрем ақылын мен атамның,
Міне менде Бексұлтан деп атандым.
Сол атамыз жетті міне тоқсанға,
Бисмиллә деп жамандықтан сақтандым.

Еліміз бар Суан, Дуан, Сарымолда,
Сол молданың жолын қуған бар молда.
Қасен атам аман болшы әр қашан,
Тайғанамай жүре берші тар жолда.

Немереңіз Диас

АТАМА АРНАУ

Құтты болсын Қасен ата туған күнің!
Толдыңыз тоқсан жасқа міне бүгін!
Жан ата ұзақ болсын әз-ғұмырың,
Ұсынып жатыр жұртың думан гүлін.

Өмірің толы сенің жыр – аңызға,
Жадырап жүре берші ортамызда.
Ақылшы боп, қамқор боп бәрімізге,
Жадырап бата берші жүз жасыңда.

Бақыттымыз атамыздың барына,
Немерелер, шөберелер жанында.
Көргенде ғой осы тойды апамыз,
Жарасар ең тоқсан мынау шағында.

Немереңіз Салтанат

(Басы 1-бетте)

ҰЗАҚ БАТЫР ҚАЙ ЖЕРДЕ СОҒЫСҚАН?

Ал өзеннің Текелі тармағы таудың оңтүстігіндегі 2732 м биіктіктен бастау алып жол-жөнекей көптеген өзен, бұлақ суларын қосып алып Текелі қаласының шығысынан келіп үлкен өзенге қосылғанша өзі де «Текелі өзені» деген атаумен ағады.

Текелі қаласының шығыс бағытынан Шажа өзені ағып келеді. Өзен 2814 м биіктікте жатқан Тілектөр тауымен Сандықтау арасындағы Шымбұлақ суынан бастау алып, Шопабай тауын басып өтіп, Ақтышқан тауының оңтүстігіндегі Ойсаз өзенімен жалғасады. Ақтышқан тауының солтүстігіндегі Қойтас, Шажа бұлақ сулары және Қайыңды өзендері қосылып үлкен Шажа өзені Текелі қаласының шығысынан Текелі өзеніне құяды. Демек, солтүстіктен Қора өзені, шығыстан Шажа өзені оңтүстіктен Текелі өзені ағып келіп Текелі қаласына жетпей үлкен Текелі өзенін құраған соң Талдықорған қаласының шығыс жағынан өткенде Қаратал өзені аталып Балхаш көліне бағыт алады.

Бағанадан біздің әңгімеміздің негізгі арқауы Ұзақ бабыр болғандықтан әңгіме ауаның соған аударсақ. Біз атап өткен шығыстан Текеліге қосылатын Шажа өзенінің бойында «Ойсаз» деп аталатын үлкен сазды алқап Ақтышқан тауының оңтүстік етегінде жатыр. Бұл жерде бүгінге дейін «Қонтайшы тауы» «Қызыл ауыз» дегенде жер бар. Осы Ойсаз, Қонтайшы тауы, Қызыл ауыз аталатын жерде Суан Ұзақ батыр бабамыз қайысқан қалың қолымен келіп, Жоңғарлармен соғыс ашып, жеңіске жеткенін бүгінге дейін сол жердің көне көздері «Ұзақ батыр соғысқан Ойсаз» деп атайды. Соғыс қай ғасырда өткенін ешкім тап басып айта алмайды.

Ойсаз, Қызылауыз, Қонтайшы тауы Текеліден 40-45 шақырым жерде екені белгілі. Ұзақ бабамыздың ел үшін егеске түскен батыр екендігін осы дәлелдеме ұрпақтар үшін үлкен қуаныш екені айқын. Бабаларымыздың жорық жолдары Текелі сайынан бастап Шажа өзенін бойлай жүріп, Айыр кезең асуы арқылы 3257 м биіктікте жатқан Демікпе асуымен немесе 3378 м биіктіктегі Көккөл асуымен Қытай шекарасына дейін барып солтүстікке қарай Ақсу, Сарқан өзендерінің бойымен жүретін жолдар әлі көненің көзіндей анық байқалады.

Базархан ЖАҚЫБАЕВ,
жазушы.

ӨМІР МЕКТЕБІ

Жалаңаш қазақ орта мектебінің ашылуына 100 жыл

Көмкерген көк қарағай айналасын,
Құлпыртқан гүл-бәйшешек
сай-саласын.
Сүйетін бауырына басып мені,
Анамдай ыстықсың сен, Жалаңашым.

Есте бар ескі замандардан бері қазақ халқының негізі болып саналатын Үйсіндердің дүниедегі ең көркікті жерлері – Хан Тәңірінің сілемдері болып саналатын Лабасы, Құлық, Торайғыр, Үш Меркі өзенінің басындағы Саты, Құрметі тауларының сұлулығын сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Көру керек аралап тау-тасын, қайың-шыршасын, мөлдіреген мойылы мен қыраттағы доланасын, тәтті солқылдағы мен қымыздығын, ауызға салмай, дәмін алмай ештеңе айтып, жұртты таң қалдыра алмайсыз. Қоралы қой, арбаңдаған аюмен жарыса жейтін бүлдіргені мен таңқурайы ше?. Бір рет дәмін алсаң бір жылға қуаты жетіп жатыр. Қазақ елінің қай бұрышында жүрсеңде мен мұндалап шақыратын мұзарт шыңдары, ағысы асауларды ағызатын арынды өзендері, қолмен қалаған қорғандай керегелі жақпар тасты биіктері, арасынан қабырғаңды қағып жүргізбейтін қапталдай қалыңдаған көгілдір тартқан қарағайы бар өлкеде дүниеге келген азаматтардың өзі де жер бітісіне қарай асқақ та өр кеуделі, арманшыл келеді емеспе. Тау баласы тауға қарап бой түзейді.

Ауылына қарай азаматын таны. Елім деп еңірегенде елге қызмет еткен азамат ағаларды, оның ішінде осыдан 100 жыл бұрын, яғни, бір ғасыр бұрын табиғаты тамылжыған өңірде, Жалаңаш ауылында ең алғаш мектеп ашып, ауыл адамдарының сауатын жетілдіріп, бүгінгі күні көрнекті мемлекеттік қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген ұлыларды, ақындарды, жазушыларды, ғалымдарды, тарихшыларды, т.б. саладағы нағыздарды тәрбиелеген ұстаздар туралы айтпасқа болмайды. Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ақай Нүсіпбеков 1966 жылғы 17-желтоқсанда жазған «Тұңғыш мектеп, қоңыраусыз басталған сабақ» деген мақаласында былай деп еске алады: «Бұдан 47 жыл бұрын Жалаңашта Советтік қазақ мектебі ашылды. ...1919 жылы Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңында көптен күткен қазақ мектебі ашылды. Сабақ қорада басталды, оған арналып, қоңырау да қағылған жоқ. Онда құттықтау сөз сөйлеген Нұрбек мұғалім «Енді сабағымызды бастаймыз деп, қалтасынан қағазға оралған ақ борды шығарды. Алдымызда қарсы тұрған үлкен қамбаның есігіне үлкен әріппен үш сөз жазды. «Ата», «Ана», «Бала» деген атаулар екен оны өзі дауыстап оқыды. ...Біздің бірінші сабақ осылай басталды. ...Сырылған киіз етікке ағаш тақа тартқан, жыртық тонға оранған жұқа сары баладан белгілі бір ғалым шығады деп кім ойлаған». Осылай деп, Ақай Нүсіпбеков өзінің сабақтас достарын, мектебін, ұстаздарын еске алады.

Биылғы жылы ашылғанына 100 жыл толып отырған Жалаңаш қазақ орта мектебін білімнің нағыз қара шаңырағы деуге болады. Ашылған кездегі жазылған тарихи мәліметтерге жүгінсек, отыз оқушымен басталған мектепте кейіннен бүкіл Жалаңаш аймағының, Саты, Құрметі, Алғабас, Ұзынбұлақ, Жылысайдан бастап, жоғарғы сынып оқушылары түгелдей оқыды десек қателеспейміз. Ең жоғарғы шекті деңгейі 1966 жылдан 1987 жылға дейін оқушылардың саны мыңнан асып отырған. Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, Кеңестік кезеңнің жаласына ұшырап, жазықсыз жазаланған ақын, әнші, Түркияның Стамбұл қаласынан білім алған Тоғызбұлақ ауылының тумасы – Қапез Байғабылов Жалаңаштағы тұңғыш ашылған қазақ орта мектебінің алғашқы басшысының бірі болған екен.

Ақай Нүсіпбековтің естелігіндегі Нұрбек Серікбаев оқу ісінің меңгерушісі болған. Қапез Байғабылов туралы әңгімелерді Жалаңаш ауылының тұрғыны, жыршы, халық ауыз әдебиетінің сақтаушысы Нұрақын Қасымбеков қариядан көп естіген едім. Біздің үй «Тоғызбұлақ» колхозының, Жалаңаш фермасының бір отар қойын бағатын. Қысқы мал қыстату, төлдету кездерінде Нұрақын қария көмекші болып келетін. Кешкілік астан кейін, домбырасын қолына алып, төңіректегі қыстаулардан жиналған малшылардың арасында отырып, жырды төгетін. Қария Әсет Найманбаевтың «Ағаш ат», «Әсет пен Ырысжанның айтысын», «Бағдат байбатшасының хиссаларын» жатқа айтатын. Мен 1990 жылдары Нұрақын қариядан көптеген жырларын жазып алып, «Албанның зары» деген атпен «Жетісу» газетінде жариялаттым. Ол кісіден жазып алған өлеңдерім көк дәптерімде әлі де сақтаулы. Нұрақын (менің сыныптасым Тәжігүлдің әкесі) қарияны бір келгенде Қапез туралы айтып беріңіз деп, өнер зерттеушісі Сағатбек Медеубековтің (қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Журналистика факультетінің деканы) Алматыдағы мекен-жайын жазып беріп жібердім. Сексен жасқа келіп қалса да ерінбей, қасына тағы бір бауырын ертіп алып, Алматыда Сағатбекті тауып, Қапез қарияның кемпірі Жібек жеңгесіне жолықтырып, әңгімелестіреді. Осы жолы Қапездің жұбайынан «Ойхой, дүние-ай!» әнін жазып алады. Нұрбек Серікбайұлы, Қапез Байғабылов т.б. белгілі азаматтар ұстаздық еткен мектеп халықты оқуға, келешекке қажетті білім алуға жетеледі. Қазыналы халық білімінің ордасы бола алған мектептен мыңдаған жандар білім шөлін басып, Қазақстанның барлық аймақтарында халыққа қалтқысыз еңбек етті. «Тек жай ғана Нарынқол (Кеген ауданы деп оқыңыз – М.М.Солтанаев) ауданындағы Жалаңаш орта мектебінің өзінен 17 академик шыққан. Мұндай жағдайды алдыңғы қатарлы елдерден де кездестірмейсің» (Жер жаннаты – Жетісу: Фотокітап, Алматы 2003. 150-бет.) Бұл жазылған мәліметтен бері он алты жылдай уақыт өтті. Осы аралықта қаншама адам ғылым докторы, академик атанды десеңізші.

Қазақстанның халық шаруашылығына, өнеріне, ғылымына, мәдениетіне, экономикасына айрықша үлес қосқан ойшыл, ғылымның локомотиві болған соншама академик берген мектеп. Бір ғажабы аймаққа арайын шашып, жаңа өмірдің жаршысына айналған осы мектептің ең алғашқы білім алған шәкірттерінің білім ордасына оралып, өздерінің азаматтық парызын бала тәрбиесіне арнауы.

Көрнекті қоғам қайраткері, кезінде көптеген қызметтер атқарған, Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, елі ардақтап, Кеген орыс орта мектебіне есімін берген Сәдуақас Серікбайұлы КСРО және Қазақ ССР оқу ағарту ісінің үздігі Мұқан Молдасынов т.б. адамдар алғашқы ұстаздарын ризалықпен еске алады. Олар Қапез Байғабылов, Нұрбек Балабеков, Бектұрсын Жүнісұлы, Қиясбай Мәшкеев сияқты ұстаз ағаларының болашақ ұрпақтың саналы білім алуына жан тәнімен еңбек еткендерін естеріне түсіреді.

Өзінің 100 жылдық тарихында алпыс мыңнан астам шәкірт ұшырып шығарғандардың ішінде, мектеп бітіргенімізге елу жыл болған біздіңде мектеп тарихына ортақтасып, шәкіртіміз деп үн қосып отырғанымыздың өзі бір ғанибет дүние. Мектеп ашылып, ең алғашқы ұстаздардан сабақ алып, оқу орындарын бітіріп, кеуделеріне педагогикалық училищелер мен институттардың ромб тәріздес төсбелгілерін тағып, жастық жалынмен, жаңашылдықпен сабақ берген мұғалімдердің алдын көрдік. Қарт ұстаздардың дауысын естіп, сабақ алдық. Жақашев Бейсенбай, Оразаев Совет, Қаптағаев Әжіхан, Жансеркеев Әпсейіт, Ртаев Сламжан, Серікбаев Ақай, Молдасынов Мұқан, Зықаев Әділхан ағайлардай халыққа танымал, елжұртына қадірменді ұстаздардан тәлім-тәрбие көрдік.

Барлық ұстаздарымыз болмаса да арасында жақсы іс-әрекетімен, кейбір тәрбиелі істерімен, мінезімен есте қалған ұстаздар баршылық. Молдасынов Мұқан ағайдың қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ жүргізіп отырып, арасында қысқа өнегелі әңгіме айту үрдісі менің ұстаздық өмірімде із қалдырды. Оқушы тақырыпты қосымша мысал арқылы игеруі есінде ұстау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді екен. Бұны ол кісі берік ұстанатын. Өзімнен үлкен, жоғарғы сыныпта оқитын бауырым Беркімбайдың оқулықтарын түгелдей ақтарып, оқып тастайтынмын. Бірде қазақ тілі сабағында жаңа сөздердің мағынасын ашудағы белсенділігімді көріп, «Жертемір» деп атап кеткен еді. «Білмейтіні жоқ, бәрін біледі» дейтін. Сондағы есімде қалғаны «Тілші», «Юпитер», «Сатурн» деген сөздердің мағынасын айтып бергенім еді. Кейде шын көңілмен айтылған сөздер адамға қанат байлағандай әсер береді. Кеген ауданындағы тұңғыш Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің үздігі белгісіне ие болған география пәнінің мұғалімі Әжіхан ағай ұлағатты істерімен өміріме өшпес іс тастап кетті. Оқушылық кезімде қатты ықпал еткен, өзім көрген, куәсі болған керемет жорықтардың бірі Қаптағаев Әжіқан ағайдың жасаған шарасы еді. «Шоқан Уәлихановтың ізімен» деп, жоғарғы сынып оқушыларын (менің ағам Беркімбай да бар) ұйымдастырып, Торайғыр тауының Айырлы асуынан жорық бастап, Шет Меркіден өткізіп, Арал арқылы Бөлексазға қарай алып жүрген еді. Малда отырған біздің үйге менің бауырым Беркімбай келіп, азық алып, қайта кетті. Мен де біраз жерге дейін ілесіп барып едім, ертпей тастап кетті. Кейіннен қызметке араласып, мектеп директоры қызметінде жүрсем де, Алмалы орта мектебінің оқушыларын жыл сайын мамыр айында туған өлке тарихымен таныстыру, Үйсін обаларын көрсетіп, тарих тұңғиығына бойлар деген оймен 2000 жылдардан бері осы үрдісті жалғастырып келе жатырмын. Бұл «Туған жер – тұғырың» бағдарламасымен жүзеге асырылып жатыр. Мен Әжіхан ағайдан көргенімді істесем, менің бұл бастаған шарамды ізбасарым одан әрі жалғастыруда.

Жалаңаш қазақ орта мектебі елімізге қажетті көптеген кадрларды, онда да аса қабілетті басшылық жұмыстарды әрдайым үлкен жауапкершілікпен атқарып, туған жерінің абыройын асқақтататын мамандар дайындаудың қасиетті ұстасы іспетті. Онжылдық мектепті бітіріп, әскери борышымды өтеп қайтқаннан кейін, отбасын құрып Жалаңашқа көшіп келген кезімде ағалардың қамқорлығына бөлендім. Ол кезде Кеген аудандық оқу бөлімінің басшысы Әділқан Зықаев еді. Қабылдауына кіргенімде менің фамилияма қарап «Сенің ағаң мұғалім болды емес пе?» деп қал-жағдайымды сұрап, жұбайымды Қарқара орта мектебіне, кейіннен Жалаңаш қазақ орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі етіп орналастырды. Ал, мен өзім осы ұлағатты Әділқан ағамен 1987 жылдары қызметтес болып мұғалімдік директорлық жұмыстардың қыр-сырларын үйрендім. Жалаңаштағы Сәрсенбай Бейсенбетұлы (бұрынғы Средигор орта мектебі) атындағы орыс орта мектебінде тарих және география пәнінің мұғалімі әрі мектеп директорының еңбекке тәрбиелеу жөніндегі орынбасары болып істеп жүргенімде Әділқан аға аудандық оқу бөлімінде аға инспекторы еді. Мектептердің оқу-тәрбие жұмысын тексеретін комиссия құрамында жүргенде ол кісінің адамдармен жұмыс істеу үлгісін алдым. Таңертеңгісін ерте келіп мектептің ішкі, сыртқы жағдайымен танысып, комиссия мүшелерінің сабаққа қатысуын нақтылап, тапсырмаларды беріп, бақылап отыратын. Кешкілік сабақтар біткеннен соң комиссия мүшелерінен атқарған жұмыстарының есебін алатын. Бірде берген тапсырмасына салғырт қарап «үлгере алмадым» деп сылтауратқан тексеруші мұғалімді мектебіне қайтарып жіберіп, басқа бір мұғалімді шақыртып алғандығы бар. Талапшылдығы әрі қаталдығы, көп адамдарды ықтырып жібергендігі байқалып тұратын. Толықтау денесін еркін меңгеріп, иығына ылғи да плащын не пальтосын жамылып алып, анда-санда бүркіттей қомданып, екі иығын кезек-кезек көтеріп отыратын. Әкесі «Халық жауы» атанып жаламен ұсталып кеткен соң көрген қиындықтарын еске алып, әңгімелеп беретін. Маған жезде болып келетіндіктен арасында шымшыма әзілдерін жіберіп қоятын. Әділқан аға Кеген аудандық оқу бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған жылдары аудандағы біраз жаңа мектептер салынуға қол жеткізді. Білім сапасы жоғарғы деңгейге көтеріліп, жүздеген оқушылар арнаулы орта және жоғары оқу орындарына түрлі мамандықтарға түсіп, үлгілі қызмет көрсеткен ұстаздар ұмытпасам 30-дан астамы Қазақ ССР оқу – ағарту ісінің үздігі деген марапатқа қол жеткізді. Көзбен көргендеріне зейін аударып, естігендерін есте ұстап, көкірегіне жазып, көңіліне түйіп жүрген Әділхан Зықаев «Тәлімді әңгіме – тәрбие кепілі», «Шыңдағы шынар», «Тағылымды таным», «Үзілген махаббат» атты кітаптар шығарды. Ежелден бері жинақтап, көпшілік қолданып, ауыздан ауызға көшіп жүрген аталардан қалған ел аузындағы аңыздар мен әңгімелер, жер-су аттарының, мақал-мәтелдердің мән-мағынасын ашып берді. Кезінде «Жетісу» газетінде жарияланған «Үйсіндерден неге қорқамыз?» мақаласы оқырмандарға, әсіресе, тарихшыларға орынды қойылған сұрақ болып, көптен бергі кокейдегі мәселе етіп туындатты. Ә.Зықаев балаларын да ата-баба қонысын сүюге тәрбиелеген адамның нағыз өзі. Қызы Лена Әділханқызы Кеген ауылындағы орталық алаңға құғын-сүргін құрбандарына өз қаржысына ескерткіш тұрғызып, жазықсыз жапа шеккендердің ұрпақтары мен қалың жұртшылықтың ықыласына бөленді.

Жалаңаш қазақ орта мектебінің басшыларының бірі болып істеген Оразаев Совет ағаның да ұстаздық жолын үлгі тұтатын шәкірттері молынан кездеседі. Жалаңаш қазақ орта мектебінің директорлығынан бастап шаруашылықтың әртүрлі салаларында істеген Совет аға тоқсаныншы жылдары аудандық партия комитетінде, партиялық бақылау саласында, кейін аудандық ардагерлер Кеңесінің жұмысын басқарды. Сан-салалы шаруашылықтарға аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті тарапынан уәкілдік жасауға бөлім басшылары да жіберілетін. Мен Совет ағамен көп жүрдім. Айтқан әңгімесі тізбектелген тарих, керемет адамдармен кездесулер, жазушы, ақындармен, ғалымдармен сұхбаттарының өзі бірнеше томдар еді. Бір жылы көктемгі мал төлдету кезінде партия комитеті «Тоғызбұлақ» колхозына уәкіл етіп жіберді. Түстен кейін шығып Жалаңашқа бет алдық. Алматы-Кеген тас жолының бойындағы Жалаңаш ауылына бұрылып біраз жер жүргенде «Молалы бастау» деген тұп-тұнық бұлақ суы шығып жатқан жерде машинасын тоқтатып, бізді екі-үш адам күтіп тұр екен. Бұл кісілер «Тоғызбұлақ» колхозының басқарма төрағасы Оспанәлі Мүсіров, қасында партия ұйымының хатшысы Халық Зықаев бар, тағы да басқа бірінші ферманың мамандары екен. Торайғыр тауының бөктеріндегі малшылардың жай-күйін аралап шығып, орталыққа оралып, кешкі тамақ үстінде қызу әңгіме басталды. Совет аға бастап, Оспанәлі аға қостап, кейде ауыса отырып, Кеген, Нарынқол өңіріндегі аңыздар, әңгімелер төгілді. Әлден уақытта әңгіме ауаны жыр жүйрігі Мұқағалиға ауысты. Сол түнгі, ертесі күнгі естіген дүниелерім естеліктер ретінде есімнен шықпайды. Асықпай, елді өздеріне бауырай отырып, толқыта лықсытқанда еріксіз елітіп отырасың. Данышпан Абайдың «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» - деп, он тоғызыншы сөзінде айтқандай ұлағатты ағайларымыздың сөзін осы күндерге дейін ұмыта қоймадым. Арасында ағамен әзілдесіп те алатынмын. «Аға, бізге де қиындау болып тұр-ау, өңкей қазақтың ішінде екі орыс, бір неміс жүрміз» десем, «Әй, сенің де таппайтының жоқ-ау» - дейтін күліп. Ол кісі – Совет, мен – Молот. Ал, неміс дегенім Тельман аға еді. Енді бірде – «Жүр, мен сені керемет аңшылардың арасына апарайын» деп, Жылысай ауылындағы жасы тоқсанға таяп қалған туыстарының үйіне ертіп апарып, баласы мен әкесінің аңшылық жөніндегі түрлі қызықты әңгімелерін естіп, бір жырғап қайтып едік. Батыс Еуропаны күлкіге бөлеген барон Мюнхгаузеннің әңгімелерінен асып түспесе кем түспейтін

аң-құс жайындағы қызықты оқиғалар жаныңды күлкіге бөлеп, рахат табасың. Бұл әңгімелердің өзі бір төбе. Кейіннен ойлап отырсам, ұстаздарымыз, ел арасындағы осындай өнер қонған адамдарды осылар біліп жүрсін, кейінгіге насихаттап жеткізсін деген жақсы ой, түзу ниеті екен ғой.

Биыл бір ғасырлық тойы аталып өткелі отырған Жалаңаш қазақ орта мектебінің еңсесін биік ұстап, еселеп еңбек еткен, бүкіл жалпы жұртқа белгілі ұстаздары мен білім шаңырағын шарықтата көтерген шәкірттері туралы жаза бергім келеді. 1999 жылы Алмалы орта мектебіне директор болып бекітілгенімде, оқыту құрал-жабдықтарының аздығынан өзіме білім берген Жалаңаш қазақ орта мектебі көмегін берді. Парта мен тақталар сұрап мектеп директоры Нұржан Сатынбаевқа, бухгалтері Ескендір Баяділовқа жолыға мақұлдасып, қайта келіп Панфилов ауданы әкімі Б.Омаров көлікпен көмектесіп, біраз дүниемен қамтылып қалғанбыз. Біріншіден, атағы алысқа кеткен, небір айтулы азаматтар отырып оқыған парталарға біздің ауылдың балалары да отырсын, солардай мықты азамат болсын деген, екіншіден, уақытша қиындықтан шығу ойым болатын.

Балғындай кезімізді балалық шақтың бал дәуренін бірге өткізген менің сыныптастарым ағалықтан асып аталық жасқа жетіп, қыздарымыз ақ жаулықты анадан кимешекті кемпір демесек те, ақ самайлы әже болып, отырғаны бар. Тай-құлындай тебісіп, асыр салып, асық атып, домалатып доп қуып өскен достарымыздың біразы ертерек қайтыс болса, бірталайы үйлі-баранды, балалы болып барып дүниеден өтті. Әуелхан, Нияз, Бекбосын, Тоқтасын, Шаруан, Амантай, Алтай, Нұрила, Наурызбай, Қанат сияқты азаматтар өтпелі өмірдің аз күнгі қонақтары болып дүниеден баз кешті. Алтыншы, жетінші класта оқып жүрген кезімде Әуелханды, Бекбосынды, Ниязды ертіп, көктемде Торайғыр тауындағы қыстауда отырған үйге кетіп қалатынмын. Тас-тастың арасында қоянмен мен кекілік қуалап, аяқ киімнің тоз-тозын шығарып, кешкілік менің анамның балды бармағынан шыққан тамағын апыл-ғұпыл ішіп, талып түсіп ұйқыға кететінбіз. Қай жылы мен Алматы жаққа кетіп қалсам, менің класта-сым Бекбосын марқұм Торайғырдың Көкпек жағындағы Райымбек бастауында қыстауда отырған біздің үйге келіп бесалты күн қой бағып Жалаңашқа бірақ қайтыпты. Қайран аңғалда, аңқылдақ балалық-ай!

Асқарбайдың қызы Күлсараның үйі, Ниязның үйі, біздің үй малда болған соң бүкіл Жалаңаш аймағының көрікті жерлерін көзбен көріп, тау-тасын, орман-тоғайын емін-еркін аралап, самалы саумалдай ауасымен тыныстап өстік емес пе. Мектепті мақтау қағазымен аяқтаған Күлсара да өзінің сүйіп таңдаған мамандығына – Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға түсті де, табандылығы мен өзінеөзі қоятын талабының жоғарылығынан 1975 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты. Өзі білім алған, ғасырлық тарихы бар, әрдайым жаңалық атаулының жаршысы бола білген Жалаңаш қазақ орта мектебіне география пәнінің мұғалімі болып орналасқан Күлсараның алдынан жүздеген шәкірт өмірге қанат қақты. Жоғарғы органдар тарапынан абыройлы ұстаздың атқарған қызметі үшін мұғалімдермен жүргізген әдістемелік жұмыстары әділ бағаланып, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі төсбелгісімен марапатталды. Он бес жылдай мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруының өзі де оқу үрдісінің дұрыс жүруіне, оқушы білімінің тыңғылықты болуына ықпал еткендігі сөзсіз. Кезіндегі атақты ұстаздардың тәлім-тәрбиесінің нәтижесі болар, оқушылармен жүргізген іс-тәжірибелері республика шегінен асып, халықаралық деңгейде таратылып, көп елдің ұстаздары сабақ барысында үлгі ретінде пайдаланды. Күйеуі екеуі үш баланы дүниеге әкеліп, оларға ұлағатты тәрбие беріп, түгелдей жоғары білім нәрімен суғарды. Еңбекқор әкесі мен шешесінің алақанында өскен Күлсара өз еңбегінің арқасында айтулы асуларды алды. Ұялы ұл мен қайырымды келіндерінің ортасында немерелерімен бақытты отбасы болуда.

Сыныптастарымыздың арасында үлкен өмір белесін бағындырып, іскерліктің үлгісін көрсетіп кеткен абзал азаматтың бірі Қадыров Қанатты айрықша атағым келеді. Балалығымыз бір көшенің бойында қатар өтті десек те болады. Қанат, Қайырбек, Үсейінбай, Жалаңаштың шығысындағы қырқа жақтан Нияз келіп, әңгіме, ойынымыз жарасып жүретінбіз. Жалаңаш ауылында туылып, қазақ орта мектебін жақсы бітірген Қанат Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтының технология мамандығы бойынша бітіріп, өзінің мамандығымен жұмысқа орналасты. Аудандағы астық қабылдау мекемесінің бас инженері, Кеген аудандық тұрмыс комбинатында қызмет атқарды. Екеуіміздің еңбек жолдарымыз Кегенде түйісті. Кеген орыс орта мектебіне директор болып ауысқанымда балаша қуанып, машинасын алып, отбасымды, жүктерімді Жалаңаштан көшірісіп әкелді. Кегенде қызметте жүргенде жиі араласып тұрдық. Мінезі біртоға, темекісін шиыра тартып қойып, күліп қарап әзілдесіп жүретін. Сыныптас, жолдас, қызметтес болғанымызды қадір тұтатынбыз. Кейіннен мен Жаркентке ауысып кеткеннен кейін аудан әкімшілігінде кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы қызметін атқарып, 2003-жылдан Алакөл су ресурстарының инспекторы ретінде де жақсы жағымен көзге түсіп жүрді. Аудандық партия комитеті мен атқару комитеті өткізетін шаралардың барлығына ат салысып жүрдік. Кей кездерде бізбен бірге үгіт бригадасына қосылып, таутасты аралап, малшыларға қызмет жасап қайтатын. Қайқы асуындағы шаңғы базасында демалушылырға да қызмет көрсетіп абыроймен атқарып жүрді. Кейін

2014 жылы қайтыс болғанын естігенде өзегіме от түсті. Жақсының аты жаныңнан шықпайды-ау!

Жаны жайсаң жадыраған күлкісі жайма шуақ күн түскен жайлаудай Жақыпжан досым екеуміз, кейде Бекбосын бар класта концерт қойып жіберуші едік. Ағайлар, тәтейлер жоқ еркіндік қолға тиіп қалатын кездерде. Жақыпжанды қолқалап жіберіп «Қыз-Жібек» операсындағы Шегенің ариясын айтқызып жіберетінбіз. Қайтпайды-ау. Айғайға басып алып «Тотыдайын таранған, Сұңқардайын сыланған, сұлу Жібек бар ма екен» – деп шырқап жөнелетін. Екінші октаваны еркін алатын, дауыс диапазоны кең. Оқушылар бір жасап қалатынбыз. Жақыпжан екеуіміз кейіннен «Тоғызбұлақ» колхозында бірге істедік. Сол кезде қу тілділікпен салынып, кейбіреулерді шақпа тілмен шағып алып жүретін. Колхозда кейде уақытымен еңбекақы берілмей қалады. Сондайда: «Колхоз бастық Кәкен, парторгы Мәкен, бас бухгалтер Сәкен, Уақытында ақша бермейді, Ой, әкең!» дегенді Жақыпжан айтыпты деп жүретін. Жақыпжан қай жерде еңбек етсе де бар ынта-жігерімен жұмыс атқарды. Шұбартаулықтардың дүрмегіне ілескен онжылдықты бітірген жастардан құралған «Жалын-2» комсомол жастар бригадасын ұйымдастырып, оның жетекшісі болды. Колхоздың бір отар қойын бағып қыс қыстауда, жаз жайлауда отырды. Анау бір жылдары Төбе жайлауда, малда жүргенде оның қоғамның малын шашау шығармай қоңдылығын түсірмей бағып отырғанына көзім жетті. Кейіннен Талғар ауданына ауысып балалардың оқуына жағдай жасауға, есейіп қалған ұл-қыздарды оқу орындарына жақындату ойын да құп алдым. Қырық қыздың ішінен таңдап алған мойылдай мөлдіреген Сұлуханы 5-6 бала тауып беріп алтын құрсақты ана атанды. Айғайлап келіп, дауысы тас жарып туған баланың әнші боламын деген арманы еңбек әніне айналды. Әйтседе, өнерге деген құштарлық қойсын ба, заман ағымын аңғара білген азамат Талғар қаласындағы ауылшаруашылық техникумына түсіп «Ұйымдастырушы-технолог» мамандығын алып, ауыл клубының меңгерушісі жұмысын да дөңгелете жүргізді. Аңқылдаған көпшіл мінезімен қай ортаға болса да, тез сіңісіп кететін Жақыпжанның өлең – жырға да әуестігі бар, «Қазтелекомда» істеп жүргенінде айналасын күлкіге көміп жүретін қасиеті де бір бөлек. Бір ұйымдарға әнұран жазып беріп, айтқызып, енді бір қыздарға «Күләшжан әдемісің күлімдесең, Үрікпей күліп қарашы күнім десем» деп лап етпе әзіл жолдап, енді біріне:

«Сандуғаш әннің аты, құстың аты
Ананың сүп-сүйкімді перизаты
Нағыз қазақ аруы сен екенсің
Днем и ночью жұмыста жүр екенсің
Убью деп айтса да үлкен бастық
Ғашықтардай жұмысқа нық екенсің», – деп күлкіге бөлеп жүретін серілігі бар. Алпысыңды аяқтайын деп жетпісіңе жақындайын деп жүрген азамат сүйікті Сұлуханы екеуі алты баланы бағып-қағып, оқытып, жоғары білім әперіп, бағыт-бағдарын анықтап беріп, немере сүйіп отырған бақытты зейнеткер.

Мектепті бірге бітірген кластастарымыздың өмір жолдары сан қилы болатыны бар. Ал Несіпжан Әмірғазы қызы өз мамандығынан қызықты да құрметті ешнәрсе бар деп санамады. Оқуды аяқтағаннан соң бір жылдық сауда курсын аяқтап, Тоғызбұлақ ауылындағы сауда орындарына жұмысқа кіріп, еңбек жолын дүкеншіліктен бастады. Қөрікті табиғат, ақпейіл ауыл адамдары Несіпжанның жанын баурап, елге бар ынтасымен еңбек етуге құлшындырды. Осындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеген күйеуі Қаптағаев Әлібек те оның алаңсыз жұмыс жасауына әрі құрметті зейнетке шығуына көп ықпал етті. Жанұясындағы бес баласын тәрбиелеп, олардың жоғары білім алуына көмек көрсетіп, қазіргі кезде солардың ортасында саялы Алматыда ақсамайлы әже атанып отыр.

Жасымыз жетпіске жақындап қалсақ та өзімізді тіршіліктің сан түрлі тұтасқан сауалына қалай жауап беру керек екендігіне баулыған ағаларымызды, апаларымызды айтқан ақылдары мен үйреткен істеріне қарай ұмытпауға тырысамыз. Махмудов Беріктің өзі менімен бірге оқып, асыр салып ойнап, төбе-төбенің бауырында алысып, домалап бірге өстік. Әлі күнге дейін араласып, жастығымызда жалғанған жолдастық жіпті үзбей келеміз. Менің әскерден кейінгі кезімде еңбекке, әсіресе ұсталық шеберлікке Беріктің әкесі Махмуд ағаның үйретуі көңілімде кереметтей із қалдырды. Колхоз шеберханасындағы Махмуд ағаның ұстаханасына балғашы болып жұмысқа кіріп, еңбек мектебінен өттім. Ол кісінің ұсталық еңбек өтілі сол кезде жиырма сегіз жыл екен. Көп сөйлемейтін, өз ісіне тыңғылықты қарайтын шебер Дәуіт пайғамбардан қалыпты дейтін төс пен балғаның шын мәніндегі иесі делінетін адам. Ұсталық өнер алдындағы төстің үстіне салынған, аппақ балқыған темірді сағызша илеп, ойдағы затыңды жасауға үйрететін іс. Үздіксіз бір жыл бойы істегендегі алған тәлімім кейіннен Қазақ мемлекеттік С.М. Киров атындағы университеттің тарих факультетін бітіріп, ұстаздық жолға түскенімде бір қағиданы ойыма түйгізді. Мұғалім сабақ бере жүріп, оқушыларды тәрбиелейтіндігі де белгілі. Алдында отырған оқушының өмірлік ұстанымын қалыптастырып, дұрыс арнаға түсіре алмаса кейін мұғалімнің өз алдынан бұралаң жолда жүрген оқушысын кездестіруі мүмкін. Орыс педагогы К. Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын, одан қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзінде терең мағына жатқандығы осыдан көрінеді. «Ұстаз» сөзінің де түбірі «ұста» мағынасынан тарайды емес пе. Берік әке жолын берік ұстанған жігіттің бірі болып өсті. «Әке көрген оқ жонар» дейді дана халқымыз. Әкесі темірдің шебері болса, ұлы ағаштан түйін түйген бойы үздіксіз еңбек етіп зейнетке шықты.

Сыныптастарымның бәрінің де өмір жолдарына тоқталып, толықтырып жазғым келгеніммен, қағаз беті көтергенімен, газет беті көтере алмас. Осы жолдарды жаза отырып, мен де адамдарға тән арманшыл балалық кезімді аңсадым. 1966 жылға дейін Жалаңаш қазақ орта мектебінде оқыдым. Оқу бітірген жылы КазГУ-дің журналистика факультетіне құжат тапсырып, ағылшын тілінен болған емтиханнан өтпей қалдым. Жігіттер қатарлы әскерге бардым. Алты жылдай «Тоғызбұлақ» колхозында жұмыс істеп, ұстада балғашы болып, трактор жүргізіп, колхоз басқармасының жолдамасымен Қазақтың Мемлекеттік С.М.Киров атындағы университетінің тарих факультетіне түсіп, бітірдім. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен соң Күрті ауданында, одан кейін Кеген ауылындағы орыс орта мектебінің директоры, Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Аудандық білім бөлімінің әдіскері жұмыстарын атқардым. Өткен ғасырдың тоқсан бесінші жылдары туған жеріме оралып, Панфилов ауданындағы Басқұншы ауылындағы И.Крылов атындағы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, ал 1999 жылдың тамыз айынан 2017 жылдың қыркүйегіне дейін сол аудандағы Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы мектептің директоры қызметін атқардым. Екі рет аудандық мәслихаттың депутаты болып сайландым. «Ауылым баурайында Бестөбенің», «Жүрегім құрақ жапырақ» атты екі өлеңдер жинағым және «Тау ұлы», «Алғашқылар» естелік кітаптарын шығардым. Еңбегіміз еленіп 1995 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» атанып, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталдым. Педагогикалық еңбектерім ескеріліп, «Алаш ұстазы», «Парасатты педагог» төсбелгілерін иелендім. Ұзақ жылғы баспасөз беттеріндегі жарияланған мақалаларым, әңгімелерім мен еңбектерім бағаланып, Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылдандым. Мұғалімдер отбасында тәрбиеленген бес баламыздың барлығы да жоғары оқу орындарын бітіріп, Қазақстанның университетерінде, институттарында абыройлы қызметтер атқаруда. Қазіргі күнде зейнетте болсам да 2018 жылдың қазан айынан бастап «Жаркент айнасы» қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газетінің Бас редакторымын.

Тұраров Қайырбек, Қазыбеков Үсейінбайлар тынымсыз, тындырымды еңбек етіп, зейнетке шығып, құрметті демалыста. Рақымжанов Берік пен Нұрақынова Тәжібүбі туған Жалаңаштан алыстамай 40 жылдан астам табан аудармай бірі ауылдағы ауылшаруашылық техникалық училищесінің шебері болса, Тәжібүбі «Тоғызбұлақ» колхозының есепшісі қызметін абыроймен атқарды. Қазір құрметті демалыста отыр. Осындай елмен өз балаларының бақытына бөленіп Ерсариева Тұрсынхан, Дәркенбаева Әбзел, Бекзат, Жапарханова Шолпан, Мұсаева Күлбақыт, Танабаева Сара, Күреңбаева Гүлнар, Байжанова Нұрила, Молдахынова Раушан, Оңтайбекова Гүлбақыт сияқты сыныптастарым бейнеттерінің зейнетін көріп отыр. Олар өмір бойы бір биіктен бір биікті бағындырып, өздерінің алтын уақытын халқына арнап адал еңбек етті. Себебі бізді өмірге қабілетті, кезкелген қиындықты жеңуге, адал еңбек етуге тәрбиелеген Жалаңаш қазақ орта мектебі сияқты білімнің алтын ордасы мен асыл ұстаздары. Жастығымыздың тарихы – мектебіміздің тарихы. Мектеп – алтын ұя деп бекер айтылмаған ғой. Бүгінгі газет бетін пайдалана отырып, ашылғанына жүз жыл толып отырған Жалаңаш қазақ орта мектебінде оқыған барша бітірушілерді, ұстаздарды мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Сыныптастарыма да мектеп бітірулеріннің 50 жылдық мерекесі құтты болсын дегім келеді!

Құрметпен, мектеп бітіруіне
50 жыл толып отырған
«Б» класының оқушысы,
«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы
Молот СОЛТАНАЕВ

Тұрсынғазы ӘЛПЕЙІСОВ

ЕКІ ЖИРЕН

(әңгіме)

Даланың аңызақ желі мен аптабы, одан қалса, бет қаратпас қызыл шұнақ аязы жүзін әбден тотықтырып жіберген шық-шықты шығыңқы, көзінің ұясы рабайсыз үлкен, етегі қусырыңқылау келген дөңес мұрынды, шоқша сақалды кісі автовокзалдағы сеңдей соғылысып жүрген адамдарға жақтырмай көз тастайды. Оның қыр адамы алыстан келген жолаушы екенін қолындағы абажадай қара шабаданы мен өзге де буыншақ-түйіншектері, үстіне киген күпсірдей қалың тоны мен басындағы етекті түлкі тымағы айтқызбай-ақ сездіріп тұр. Аяғындағы хром етігінің сыртынан галош киіп алыпты.

«Қап, ішінді ұрайын! Рақиланың айтқанын тыңдамай кеткенімді қарашы! Ділгірәм берсем ғой, Сағындықтың өзі күтіп алар еді. Енді мына құмырсқадай қайшыласқан адамның ішінен жөн сілтейтін біреуін тауып көр, қане! «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» – дегенді қатынына қатты кейіген бір қазақ айтқан-ау тегінде. Рақила менің өстіп тарығатынымды күні бұрыннан сезген ғой, шамасы... Ал ақылы қысқа! Ал шашы ұзын! Өй, ішінді ұрайын! Мені де ұрып өлтіретін кісі жоқ-ау! Жол таппайды деймісің? – деп сонша өкірештенген немді алған шамама қарамай!..»

Тонның сыртынан байланған жалпы қайыс белдігін босатып, түймелерін ағытып, ішкі қалтасынан Сағындықтың адресі жазылған екі-үш парша қағазды алды да, бір-бірден қарай бастады. Мына бір екі парша қағазды көршінің сегізінші оқитын қызы әдемілеп жазып берген. Оны қарамай-ақ таниды да, тонның сыртқы қалтасына салды. Қазір таксистке береді. Оңайда тұрғаны жөн. Сосын жеке бір парақ қағаздағы ирек-ирек шимайға үңілді. «Көріт дегені мынау. Көшесі мына біреу еді ғой». Үй нөмірі де көрсетілген.

Қалаға келгендегі бар сенетіні – жеке-жеке қағаздарға жазылған осы адрестер. Бәрінде де Сағындықтың үйі, көшесі көрсетілген. Өзінің шимайын оқып болғаннан кейін оны сол жақ қалтасына салды. Бұл жазуды өзінен басқа ешкім түсінбесін біледі. Әрпін танса, ежіктеп отырып, Рақиласы ғана таныр. «Осы ішінді ұрайын, оқығандардың менің жазуымды танымайтындай не жыны бар? Өздерінікі жетісіп тұрғандай-ақ!..»

Бастапқыда солай ойлағанымен жат жерде жазуымды танымадың деп кіммен ерегісіп жүрмекпін деген оймен қалған қағаздарды көршінің қызына жаздырып алған. Енді соныcының дұрыс болғанына қуанып та тұр.

Тонының түймесін қайта салған Нұрліп автовокзалдың бұрышын айналып өтіп, буыншақ-түйіншектерін көтерген бойы машиналар арлы-берлі ағылып жатқан үлкен көшенің жиегіндегі ашықтай жерге жетіп қайта тоқтады. Көшенің арғы-бергі беті еңселі үйлерге толы екен. Машина жүретін жолдың жиегіндегі өзекше жолмен жаяу жүргіншілер қайшыласып өтіп жатыр. Өзінен таяқ тастам жерде елу қаралы адам топталып тұр. Топталып тұр деген аты ғана. Сырт қараған кісіге солай көрінгенімен олардың бірімен бірінің шаруасы болып жатқан жоқ. Өзара бет жыртысып қалғандай-ақ әрқайсысы тұрған орындарында селтие қалыпты. Нұрліпке бұл көрініс те онша ұнамады. «Сонда бұлар не күтіп тұрған жандар?» – деп ойлағанша болған жоқ, жолға қатқан жылтыр мұзбен тайғанақтаған сары автобус әлгілердің дәл алдына келіп тоқтай қалды. Сол-ақ екен, жаңағылар бірдеңеден құр қалатындай бірін-бірі итермелеп, есікке қарай ұмтылысты. Мән-жайды енді түсінген ол: «Іштеріндің ұрайындардың тірлігінің сиқын қарашы. Ана тайғанақтаған машина қағып кетсе де, қарар емес-ау мына түрлерімен», – деп кекесін жымиған. Қара көк барқытпен тысталған түлкі тымағын милығына түсіре киіп, қорбайып тұрған өзіне қала адамдарының іштей жыртақтай күліп бара жатқандарына Нұрліптің шаруасы болған жоқ. Көз алдында өтіп жатқан осы тірліктің бәрі өзіне оғаш көрініп тұр. Бейтаныс, үлкен қаланың қымқуыт тірлігіне көзі үйрене алмай жаңағы орнында әлі сілейіп тұр...

***

Нұрліп ауылдан аттанарда бір қойын сойып, етін сорғытып, бас, сирағына дейін үйіткізіп, тазалап қапқа салып қойған соң, көңілі жақын өзі құралыптас төрт-бес көрші-қолаңның басын қосты. Соғымға биыл сойған құла байталдың жаңа-жаңадан сүрлене бастаған қазы, қартасынан да көптеу етіп жеке шабаданға салғызды. Сосын қашанғы әдетінше қазанды мол көтеріп, жаңағы көңілі жетер көршілерін жинап алған. Алла бұйыртса, ертең ертемен Алматыға жол жүргелі отырғанын айтқан.

– Ішіңді ұрайын, жұмыс-жұмыс деп жүріп ағайын-туғанды аралауды да ұмытып кетіппіз. Енді, міне, пенсияға шықтық. Колхоз бастығы қарап отырмай қарауыл бол дейді. Көктемге дейін дем алайын дедім. Жетті ғой енді! Байқап отырсам ес біліп, етек жиғалы бері колхоздың жұмысы деп келеді екенбіз. Амандық болса, осы сапардан соң Рақилашты ертіп, ел жаққа да барып қайтпақ ойым бар. Оған дейін мына жиырма жыл көрмеген балама барып, жүз көрсетіп қайтпасам, көңілім тынар емес, – деп желпініп отыр.

Мүйіз сапты, шалғы жүз өткір бәкісімен тоқпан жіліктің майлы басын жапырақтай кесіп алып, асықпай, кейде ортадағы ернеулі табаққа тастап, кейде ауызға ытқытып отырған Оразбек:

– Е, анау кездегі хат беріп, хат алысқан бала екен ғой, – деп жіліктен көз алмаған күйі шұқылана берді.

– Иә, сол бала. Әкесі марқұм менімен құрдас еді ғой, өкпе ауруынан жастай кетті. Артында екі ұл бала мен екі қызы қалған. Кенжесі сол Алматыдағы Сағындық. Ол күшік, бала күнінде менімен құрдасындай ойнайтын. Өзім де тым еркелетіп жіберген болуым керек, кеудеме міниіп алып, мұртымды жұла ма, танауыма ши жүгіртіп ойнай ма, Құдай-ау, әйтеуір, ойына келгенін істеуші еді. Идалайын, сол! Әй, тентектің тентегі болатын. Осыдан бірдеңе шықпаса, әпкел қолыңды деуші едім, айтқаным айдай келді. Қазір енженер дайындайтын інстоттың бастығы көрінеді.

Нұрліп лепіріп, Сағындықты үйіндегі қонақтарға аямай мақтап отыр. Әлі де айта түскісі келеді. Бірақ қайсібірін айтсын. Өзінің Сағындыққа, оның Нұрліпке деген ниеті бөлек еді ғой. Мұның шыр еткен шілдеханаға өмір бойы зар екенін сол бір торсық шеке, бадырақ көз, кекіл шашы ерекше қайратты қара бала білді ме, жоқ па әйтеуір өзіне де, Рақилаға да тым бауыр басып кеткен. Тіпті Сағындыққа әдейілеп барып, желкесіне мінгізген күйі кешкісін үйіне көтеріп қайтушы еді. Сосын Рақила да құрақ ұшып, үйіндегі бар дәмдісін соның аузына тосады. Бала таппады демесе, Рақиласындай әйел сирек қой. Сағындық келген күні көрпені қалың етіп, төр алдына төсек салады. Сонан соң Сағындық екеуінің ортасына жатушы еді.

– Ал, Нұрліп, баста, – дейді бала жастыққа басы тиісімен.

– Идалайын, Нұрліп деген аузыңнан! Кәне, кімнің баласысың, айтып жіберші, – дейді жастықтың басын көтерген ол:

– Әкең кім?

– Нұрліп...

– Шешең кім?

– Рақила.

– Идалайын, Нұрліп деген аузыңнан!..

– Ал баста, – дейді бала тағы да.

Бұл мезетте Сағындыққа емірене бауырына басқан Рақила да демін ішіне тартып, үндемей қалатын. Сондайда түн қараңғылығын пайдаланып, көз жасын ерік беріп қоюшы еді. Бірақ келіншегі еркінше шерін тарқатсын дейтін болу керек, Нұрліп онысына тыйым салмайтын.

– Қайсысын? «Ағаш атты» ма, әлде «Ер Тарғынды ма?»

– Алдымен «Ағаш атты» айт.

Содан Нұрліп бала жасынан айта-айта жадында әбден жатталып қалған ертегіні бастап кететұғын. Әдетте Сағындық бір ғана ертегінің ақыр соңына дейін зорға шыдайды да, іле мұрны пысылдап, ұйықтап кететіні бар. Сосын келіншегі екеуі оның ып-ыстық үлбіреген бетінен кезек пе кезек сүйгіштеп, жастықтарына шалқалай құлайды да, көкіректері қарс айрыла «Үнілеп» жібереді. Не үшін екенін өздері де біледі. Бірақ бір-біріне тіс жарса болды, орталарындағы болымсыз дәнекер үзіліп кетердей, іштей тынысатын.

Отау тіккененнен кейін он жыл ішінде бала сүймеген соң аудандағы дәрігерлерге қаралған. Амал не, дәрігер деген халық көңілге қарап сылап-сипап жатуды білмейді екен. Турасын айтқан. Рақила дода-додасы шығып жылап қайтты. Нұрліп те келіншегінің көзінше жігіттік жасағанымен, бүкіл жан дүниесі езіліп, жетісіп тұрмаған. Оны қанталап кеткен көзінен-ақ байқауға болады.

Үйге келген соң, шай үстінде күндегі ашық-жарқын көңіл байқалған жоқ. Рақила күйеуінің тұңғыш рет үсікке шалыққандай бозарып отырғанын көрген. Шүңірек көзінің айналасы көгеріп кеткен сияқты. Онсыз да пышақ жанығандай болып тұратын жағы бір-ақ күнде суалып, көн шалбардай арса-арса болып кеткенін байқады. Не істерге білмей, көңіл кірбіңінен соң лықсып көзіне келген ағыл-тегіл көз жасын тоқтата алмай құса болған. Ойына бір төтенше шешім келгенімен, оны күйеуіне қалай айтпақ? Ол не дейді? Соны ойлауы мұң екен, өксігі басылып, бір сәт мәңгіріп отырып-отырып, ақыры самауырды алып үйге кірді. Нұрліп малдас құрған қалпы дастарқан басында дел-сал күйде отыр екен. Тағы да көңілі құлазып, аяп кетті. Күйеуінің жанында өзі осы үйге келін болып түскелі бері көзіне үйреншікті болып кеткен домбырасы жатыр. Оны күйеуі әдеттегідей қолына да алмаған. Сірә, ертеңгісін автобусқа асығып жүргенде орнына ілінбей осы қалпы қалған сияқты. Сол бойы әкесіне өкпелеген ерке баладай шегі текемет үстінде төселген құрақ көрпеге қарап, көлденең түскен. Үн-түнсіз сорапталған шайдың бел ортасына жеткенде Рақила күйеуіне жасқана қарап алды да, орамалының ұшымен көзін сүртіп:

– Нұрліп, сенің бағыңды байлап жүрген мен шығармын. Дәрігер айта береді, менің саған қоятын титімдей де айыбым жоқ... – деп солқылдап, сөзінің аяғын жұтып қойды. Содан өксігін бас алмай, көңіліндегі зары мен шерін күйеуіне жеткізе алмай, көпке дейін булығып отырып қалған.

Бірақ Нұрліп мұның бәрін айтпаса да түсініп отырған және келіншегінің осылай дейтінін күні бұрын біліп, өзінің де ойы онға бөлініп отыр еді. Бүкіл еркектік намысымен қанша тырысса да, бүгін ертелі бері бойын билеген бір түсініксіз діріл мен беймаза күйді сырқына көндіре алмай-ақ ит әуреге түсті. Бірдеңе айтайын десе, өңешіне тастай болып қатып қалған удай ащы бір түйін үнін өшіріп, тұншықтырып отыр. Келіншегінің мүсәпір күйі мен бейшара түріне қарап еді, өзегін тағы да от-жалын шарпып өтті.

– Мен бейбақты қойшы, – деп Рақиланың үні бұл жолы орнықтылау болса да алыстан талып жеткендей естілді. – Мені қойшы, тым болмаса сен бақытты бол. Ризашылығымды берейін...

Нұрліптің шеке тамыры білеуленіп, құлағы шыңылдап кетті. «Мына жаман не шатып барады? Тіпті қайтер екен десе, ризашылығымды берейін, – дейді ғой өзі. Ризашылығын шіркіннің!»

Осыны ойлағанда манадан бойын билеп, ойын шідерлеп тастаған беймаза күйіктен нышан да қалмады. Қайта кеудесін әлдеқандай ыза кернеп, намысқа булыға түскен. «Ризәшілін өзінің! Жасық неме!» – деп іштей мысқылдай күліп, кіжініп алған ол:

– Жоқ нәрсені шатпай отыр! – деді зекіп.

Өзі сөйлей алмаспын деп ойлаған, даусы әдеттегідей қатал шыққанына тіпті қуанған да жайы бар. Енді сол екпінін жоғалтып алғысы келмегендей онан да гөрі қаталдау.

– Іризәшілін өзінің! – деп жаға ғана іштей тұншыға қайталаған ойын айтып салды. – Баласы жоқ адамның бәрі бақытсыз деп кім айтты саған, а?! Құдай бақытсыздықтан сақтасын! Онысы несі, күні бойы еңіреніп! Тіпті қайтер екен десе... Іризәмін дейді ғой маған! Көз жасыңды көрсетпе! Құдай берсе берер, бермесе тартып аламыз ба?

Ол сөзінің аяғын айта алмай қалды. Қора жақтан біреудің аяғының тықыры шыққаны ашық тұрған есіктен анық естілген еді, екеуі де елеңдеп есікке қарай ентелей бергенде:

– Нұрліп! Әй, Нұрліп, үйдемісің? Аттың басын ұста, – деген баланың даусы шықты.

Оның кім екенін біле тұрса да, Нұрліп алғашында абдырап, не істерін білмей қалған.

Тал шыбықты ат қып мініп, есік алдында жалаң аяқ ойқастап, Сағындық шауып жүр.

– Әй, Нұрліп! Атым алып қашып барады. Ұста мына аттың басын, – деп Сағындық есікке ентелеп жетіп келді де, аты үріккен адамдай өзінен өзі шегіншектеп барып, – тыр-р-р, – деп әуреге түсіп жүр.

Бастапқыда не істерін білмей қалған ол орнынан арбаңдай көтерілді.

– Идалайын, мұрныңнан! Менің құрдасым келіп қалыпты ғой. Ой, иттің ғана құрдасы! Ал түс атыңнан. Үйге жүріңіз, үйге.

– Жоқ, түспеймін. Рақиланың жақсы мәмпісиі бар ма?

– Бәрі де бар. Түс атыңнан деймін.

– Жарайды, түсейін. Атымды шешіліп кетпейтін етіп мықтап байла. Мінезі жаман, – деп жеті-сегіздердегі бала үлкен кісілерге еліктеп салауаттана қалды. Трусиінен басқа лыпасы жоқ ол күні бойы ойынның қызығына әбден батқан көрінеді. Күнге күйген сирағы сатқал-сатқал. Маңдайы мен мұрнының ұшы тершіп тұр. Соған қарағанда астындағы «асауы» осы үйге дейін бас бермей, алып қашып келгенге ұқсайды.

– Әй, Сағынжан, қолыңды жуып үйге кір, – деп келіншегі де жаңағыдай емес, үйден жайдарлана тіл қатты.

Нұрліп Сағындықты бас салып, иіскелеп жатыр екен.

Баланың келгеніне келіншегі де қуанып қалды. Сағындықтың манадан бергі үй ішінде сіресіп тұрған үнсіздікті серпілтерін былай қойғанда, күні бойы ішқұса болып, жүрегі сыздап отырған күйеуінің сәл де болса мауқы басылып, кеудесі босайтынын бірден-ақ сезе қойған.

Үйге кіріп жайғасқан соң Нұрліп баланың алдына қойылған конфеттерді оған жақын таман ысырды да, әдеттегі сұрауына көшті.

– Қайдан келесің құрдас?

– Көкпардан келемін.

– Кімнің баласысың?

– Сенің балаңмын...

– Идалайын, аузыңнан...

Сағындық конфеттің біреуісін аузына атып ұрды да, кеседегі шайды сораптауға көшті. Онымен бірге адам түсінбес бір шаттықтың ілесе келгенін ерлі-зайыптылар бір-бірінің көздерінен ұқты. Нұрліп қаршадай баланың өзін «сен» дегеніне титтей де ренжімейді. Қайта тіл шыққаннан бастап, өзі осылай үйреткен. Баланың өзіне дікіңдей сөйлегені кейде мақтан да тұтады.

Енді текемет үстінде жатқан домбырасына қол созды. Оның айтатын бір ғана әні бар, өзге жұрт басқасын айт деп жөнсіз қолқа да салмайды. «Ал, Нұрліп, әу деп жібер?» – дейтін кездері болса, ол еш ойланып жатпай-ақ домбырасын даусына қарай түзеп алған соң, «Екі жиреннің» қайырмасынан бастап тарта береді:

Ау-у-у!
Екі-ау жирен-н-н,
Жалын түйген- н- н- н
Жалғанда-а жақынымсың ау-у-у,
Жа-а-а-ным сүйген-н-н.
Әридаш-ай, Әридаш-ай ау-у-у.

Нұрліптің даусы кереметтей әсем де емес. Бірақ дәл осы «Екі жиренді» айтқан кезде тыңдаушысының бойын балқытып жіберетін бір сиқырлы қасиеті бар. Оны Нұрліп көңілді кездерінде де, басын қасірет тұманы торлаған сәттерінде де айтатын. Қашан болса да оныңептеп мұң аралас шығатын қоңыр даусы сай-сүйекті сырқыратып жіберуші еді. Қазір де ол:

– Екі-ай жирен-н-н,
Жалын түйген-н-н, – деп көңіл күрсінісін домбырасының сырлы күмбірімен орнына қайта қойып жатып еді, Сағындық:

– Мен үйреніп алғанмын...

– Қойшы-ей, шын ба?Айтшы кәне?

Сағындық ұртында бұлтыңдап жүрген кәмпит малтасын сұқ саусағымен шығарып алып, дастарқан шетіне қойды да, домбыра шертіп отырған адамның кейпін танытып, «Екі-ай жирен-у» – деп шіңкілдеп ала жөнелді. Баланың бет-пішінінің құбылысына қарап, Рақила шек-сілесі қата күліп жатыр. Нұрліп Сағындыққа одырая қарап қалған. Есі кіргеннен бастап құлағына сіңісті болып қалған өлең жолдарынан бала жаңылар емес. Тек сазды әуенге даусы келе бермейді екен.

Адам көңілі де қыс бойы сіресіп жатып-жатып көктемнің шуағы шетін шалса болды ағыл-тегіл ери жөнелетін мұз сияқты екен ғой. Оны Рақила жаңа біліп жатыр. Әсіресе бүгін таңнан бері бір серпілмей, сіресіп жатқан көңілінің көк мұзы енді лықсып күлкіге айналып, тыйылар емес. Күлген сайын буыны босап бара жатқан

соң, Сағындық қысылар деп күлкісін әзер тежеді. Сөйтті де, басындағы орамалын түзеп, жөнделіп отырды. Бұл кезде Сағындық та «Екі-ай жиренді» аяқтап қалған болатын.

Енді міне, көршілеріне сол Алматыдағы баласына ертең жүретінін айтып, лепіріп отыр.

...Нұрліп бұл ауылға осыдан жиырма жыл бұрын көшіп келген-ді. Өзінің туып-өскен жерінен поезбен бір күншілік жердегі ел-жұрт алғаш рет оларды жақтырмай қарсы алған. Адам баласына түймедей де жамандығы жоқ арсаңдаған, көпшіл жігіт келген бетте-ақ ел-жұртпен қойын-қолтық араласып кетті.

Тоқпан жілікті әлі қажалап бітпеген мына Оразбек екеуі баяғы елуінші жылдардың басында әскерде бірге болған. Елден алыс жерде жүргендіктен бе, жоқ екеуінің жаны шынымен жарасты ма, көңіл жықпас жақын дос-жар болып кеткен болатын. Кейін, өз ауылынан көшерде бұрын хат жазып, өзінің көшіп барса, далада қалмайтынына сенгендіктен соны қара тартып келгені бар. Қазірге, Құдайға шүкір, далада қалып та, Оразбектен бастап, бұл жердің үлкен-кішісімен жүз шайысып та көрген жоқ. Тіпті күні кеше, колхозшылардың жиналысында өзін пенсияға шығарып салар кезде, өз атына қандай тәтті сөздер айтылмады. Керек десе, Нұрліптің үш ұйықтаса түсіне кірмеген мақтаулар айтылған жоқ па. Президиумда отырып: «Осылардың өзі мені емес, жаңылысып басқа біреуді мақтап жатқан жоқ па», – деп те ойлаған. Сөйтсе бәрінің жабылып мақтап жатқандары өзі екен. Ешкім де ол ойлағандай жаңылмапты.

Адам шіркін өткен-кеткенін осындайда ойлап, көңіл таразысынан өткізеді екен. Пенсияға шыққаннан кейін бір-екі күн өткен соң, бір парақ қағаз алып, осыдан жиырма жыл бұрын ауылында қалған ағайын-туысқандарына хат жазған. Кешікпей жауап та алды. Бәрі түгелдей: «Қайта кел, ел іші – алтын бесік деген. Енді қартайғанда бірімізге біріміз топырақ сала алмай арманда кетпелік», – дегенді айтыпты. Сол хатында, өзі осы жаққа көшерде екінші класты аяқтап қалған Сағындық жөнінде сұраған еді. Оның тіпті адресін де салып жіберіпті. Сонан соң бір бет хат жазып, өз қолымен жазған хатын да алды. «Келіңіз» депті. Баяғы «Сенді» қойып, «Сізге» көшкеніне қарап, Нұрліп басында тіксініп қалған. Бірақ Сағындықтың қазір үлкен азамат, оқымысты жігіт екені есіне түскен соң оны да кешірді. «Сен деуге ұялған ғой, идалайын. Бір емес, екі балалы болыпты. Шал адамға сен деп кеудеден жұдырықпен қойып қалғандай болмайын деген ғой», – деп іштей кешіре салған. Ендігі арманы тумаса да туғандай болған сол тентектің от басын көріп, балаларының маңдайынан иіскеп қайту. «Таныр ма екен, күшік неме? Мен ғой жазбай танырмын. Әкесіне тартқан еді, танимын ғой. Аты-жөнім есінде қалғаныммен түр-тұрпатымды ұмытқан да шығар. Одан бері сақал да қойдық, қартайды», – деп те ойлаған. Бірақ жазбай танитынына көзі жететін сияқты. Рақиласын жетегіне алып кетер еді, қыс көзі – қырау үйде мал-жан бар дегендей... Жағдай жар бермеді.

– Сонымен ертең жол жүресің ғой, – деді Оразбек жілікті дастарқан шетіне қойып, қолының майын сүртіп жатып.

– Е, бұйырса...

... Сол түні қол жүгін әзірлеп қойғанымен Нұрліп берекеленіп ұйықтай алмады. Ойына өткен-кеткен шым-шытырық бірдеңелер оралып, ұйқы мен ояудың арасында жатқан да қойған. Ол көбінесе Сағындықты ойлады. Амандық болса, ертең барады. Рақиланың тіліне еріп, ділігрімалатып босқа әурелемегені де дұрыс. Көктен түскендей таксимен Сағындықтың үйіне барып бір-ақ тоқтайды. Құдайға шүкір, пұл жеткілікті. Осындағы оқыған жігіттер де бірдеңе білер-ау! Солардың айтуынша, таксиге адресті көрсетіп, ақшасын артығымен берсең, жердің түбіне болса да жеткізеді демесі бар ма? Е, ендеше неменесін ділграм беріп жұртты дүрліктірмек?

... Шырмуықша ширатылған қалың ойдың ішінде жатқанда ол алыста қалған туып-өскен ауылын да, ағайын-туысын да бір сәт көз алдынан өткізеді. Ауылдан келген хатқа қарағанда Сағындықтың әкесінің Жаңғабыл деген ағасы болушы еді, сол өткен жылы қайтыс болғанға ұқсайды. Ауылдан соның кесірінен-ақ көшіп кеткен еді. «Жер хабарлар болмасын, марқұм ит мінезді жігіт еді-ау!» Марқұм болып кеткен өзінің інісімен түйедей құрдас, жақын дос екенін көрмей, білмей жүргендей бүкіл елдің көзінше жұдырық ала жүгіргені несі? Ол үйге келімсек болсам, мен арам пиғылдан емес, Сағынжанды көруге барам. Онысымен қоймай, бір рет болса жөн ғой, сонысын екі рет айтпады ма?

Ал Насырдың тойында ішіп алып, мені жарып тастардай тұра-тұра ұмтылған қай қылығы! Келінін қызғанса, адал адамнан несін қызғанады? Өй, шірік! Қабылбайдан садаға кет! Жұдырығы тиіп кеткен соң қолымдағы қамшымен жауырыннан тарте-еп, тарте-еп жібермегенде қайтейін! Нақақтан-нақақ адамды қаралауын! Оның үстіне. «бақ-дәулеттен жұрдай сорлы!» – дегенін қайтіп кешірейін! Тілінің удайын қарай гөр? Сонан соң сондай доңыздың басқан жерін мен де басып, ол ішкен судан мен де шөлімді қандырып жүрмек екем ғой?»

Ол сол бір сүреңсіз оқиғаның күні кеше ғана емес, осыдан жиырма жыл бұрын болғаны есіне түскенде, басын жастықтан жұлып алды.

«Құдай-ай, өзің кешіре гөр. Шатып кетіппін ғой. Жаңғабылдың марқұм болып кеткені есіне түсіп, іштей қатты абыржып қалды. Сосын тағы да: «Пенде деген екі аяқты ит екен ғой», – деп ойлады.

Енді бір сәт ол сол жылдары, Сағындықтың мектепке баратын жылы, өзінің торы биесі құлындап, оның бөрте құлынын Сағындыққа бәсіре ғып бергенін, дәл сол жылдың жазында, шөп шабуға бара жатқанда, күшік неменің өзін оңдырмай ренжіткенін есіне алды. Онда өзінен де болып еді. Бекер жатқан балаға тиісіп несі бар?

... Бөрте құлыны соңында, керме қарын торы биесін жайдақ міниіп, шалғымен шөп шабуға бара жатты да, Сағындықтың үйіне бұрылды. Барса, есігіні ашық тұр екен. Үйде тырп еткен жан жоқ. Тек Сағындық қана төсегінде пысылдап ұйықтап жатыр.

Өзімен «сен» деп жағаласып жүретін, үйіне қашанда ерекше бір нұрлы шуақ ала келетін сәбидің мына момақан түрін қызықтап, дәл бас жағына төніп отырып қалғаны бар. «Бұл күшік бөдененің жұмыртқасын пісіріп жегенді тәуір көруші еді ғой. Шабындыққа ерте кетейін», – деген оймен «Әй, құрдас, тұр», – деп түрткілеп жатып әрең оятты.

Бала жастықтан басын көтермей жатып, көзін ашты да, төбесіне төніп, ыржиып отырған адамды бастапқыда тани алмай жатып-жатып, сосын:

– Е, сенбісің-ей, Нұрліп, – деді керіліп-созылып.

– Сенде түймедей де ес жоқ. Ұйқыдан басқа не білесің? Шешең қайда, білсең айтшы? – деді ыржалақтап.

– Апам ба? Білмеймін...

– Білмесең, ол біздің үйде тұрады.

Нұрліп мұны бала ұйқысын тез ашсын да, тез киінсін, күн қызып кетпей тұрып жұмысты өндіріп тастайын деген жайбарақат оймен айтқан еді.

Сағындық алғашында көзі алақтап жатты да, орнынан тез тұрды.

– Бол киін, кетеміз.

Енді онымен Нұрліптің шаруасы болмады. Жастықтың астынан шеті көрініп жатқан сурет-кітапшаны қолына алып шоқиып отырған күйі парақтап қарай берді.

Кенет дәл тамағының түбіне жарқ етіп пышақ тіреле қалсын. Кітапты тастай беріп, қараса, кеңірдегіне пышақ тіреп тұрған, өзі «балам» деп айналып-толғанып жүрген Сағындығы. Жүзі сұрланып, жағының саржағал түгі үрпиіп, өзіне әбден жауығып алғаны көрініп тұр.

– Әкеңнің!.. Айт шыныңды, апам қайда? Айт, әйтпесе бауыздап тастаймын.

– Ой, өй, Сағынжан, сен менің баламсың ғой...

Нұрліптің аузына мұнан өзге сөз түспей қалған. Буындары дірілдеп, өзі бар жанымен жақсы көрген сәбидің қолындағы тажал пышақты қағып жібере алмай бір қуарып, бір қызарып әлі қаша бастады. Қорыққандық па, сасқалақтағандық па, оны тіпті әлі күнге дейін білмейді.

– Әкеңнің!.. Сенің балаң емеспін! Айт шыныңды апам қайда? Қайда апардың?

Сөйткенше болған жоқ ауызғы бөлмеден шелектің сылдыры естіліп, Нұрлайым кіріп келді. Баласының қолындағы пышақты көріп шошып кеткен ол бірден айқай салды:

– Әй, Сағынжан! Өй, ақымақ, мұның не? Таста пышақты! Мынау кісі өлтіреді екен...

Нұрлайым болған оқиғаны неге жорырын білмей тұрып орнында сілейіп қатты да қалды.

– Таста! Өй ақылсыз, онысы несі – пышақпен ойнағаны! Таста, қолыңды кесіп аласың?

Сағындық кері бұрылып, жүгіріп барды да, апасының етегіне орала кетті.

– Апа, анау сені алып қашып кетті ме?

– Алып қашқаны несі? Ақымақ болмасаң сөйте ме екен? Мені ешкім де алып қашып кете алмайды. Жүгір, пышақты орнына қой.

Осыдан кейін барып, Нұрліп, есін жағандай орнынан созаландай тұрып:

– Буын-буынымның дірілдеп кеткенін қарашы. Мына дүлейің кісі өлтіреді екен. Мен мұны адам деп жүрсем, – деді де, Нұрлайымның «Отыр», дегеніне де бұрылмай шығып кеткен.

Сол бойы ол қашада сүйеулі тұрған шалғысын тақымына басып, шабан торы биесін тебініп-тебініп жіберіп, шабындыққа беттеп кете берді. Пішендік шеті ауылға тиіп тұр еді. Бір арқан бойы биесін тұсап қоя берген соң, осы арада селтиіп өсіп тұрған жалғыз қарағаштың көлеңкесіне келіп шоқиып отыра кетті. Не ойлап, не қойып отырғанын өзі де білмейді. Көкірегіндегі ашу ма, өкпе ме, өкініш пе, әйтеуір осыларға ұқсас түсініксіз кикілжің бір сезім бар. Оның ара жігін ажыратып жатуға батылы да бармады. Ниеті де жоқ еді. Буыны-буыны дірілдеп, сүлесоқ, тізесін құшақтап отыра берді. Әлден соң есін жиғандай өзінен-өзі:

– Өй, доңыз, – деді. – Ой, доңыз! Ой, күшік! Мен мұны адам екен деп жүрсем... Бауыздаймын дейді ғой өзі! Неге бауыздамадың? Ой, жасық неме! Қарашы бауыздағышын! Өй, ақымақ! Ал бауызда! Неғып жарып тастамадың?!

Сосын тағы да үнсіз отырып қалды. Көп өтпей ол даусы ерсілеу жарықшақтанып өз-өзіне күбірлеп кетті:

– Өй, ақымақ! Сөзін қарашы, ей, мұның! Сенің балаң емеспін дейді тағы! Ой, күшік! Балаңмын дей салсаң, бірдемең кетер ме еді? Ой, күшік неме! – деп ол иегі кемсеңдеп, ығы қушиып, дір-дір етіп, орнынан тұрды да, шалғысын алып, ұйыса өскен бедеге батыра көсіп-көсіп жіберді. Манағы тұрған орнынан құрық бойы өткенде ғана Нұрліп сүйеніп, тоқтай қалды. Көзі тұманданып, ештеңе көрсетер емес. Жейдесінің жеңімен жасқа толған жанарын арлы-берлі үйкеп-үйкеп жіберген соң ғана айнала айқындалып көріне бастады. Шалғының тарағына шөп-шалам ілігіп қалыпты. Соны тазалап тұрған сәтте ауыл жақтан әлдекімнің келе жатқанын көзінің қиығы шалып, бұрылып еді, шыбыққа міниіп, қолындағы кендір қамшымен «атын» сабалап, шауып келе жатқан жаңағы, өзін әбден ренжітіп, ал бұл сыртынан «ит терісін қаптап тұрған» Сағындығы екен. Нұрліптің көк мұздай сірескен көңілі жалын шарпығандай әп сәтте-ақ еріп сала берді.

– Идалайын сол, шұнаң-шұнаң еткен! Құлдыраңдап шабысын қарашы өзінің! Идалайын, мұрныңнан...

Жақындап келіп қалған Сағындық айқай салды.

– Ей, Нұрліп! Мен сенің балаңмын. Ұста мына атты. Алып қашып келеді...

– Идалайын, аузыңнан! Бәсе, бұл өзі есі бар күшік. Жаңағы қатесін түсінген ғой. Идалайын, өзіме тартқан ақ көңілім. Ұстаймын ғой, атыңды, ұстаймын. Ұстамай қайда барады дейсің мені...

Екі-ау жирен-н-н,
Жалын түйген- н- н- н
Жалғанда-а жақынымсың ау-у-у,
Жа-а-а-ным сүйген-н-н.

Шамалыдан соң шалғысын көсілте сілтеген ол ыңылдап осыны айтып бара жатқан.

***

Жас ғалым Сағындық Қабылбайұлы алтыншы қабаттағы пәтердің терезесінен аулаға қарап тұр еді. Ол жұмыстан қатты шаршаған кездері кеудесіне қолын қусырып, осылайша тұруды әдетке айналдырған. Жас босанған әйелі кішкентайын көтеріп қасына келгенде ғана ежелгі әдетінше оларға жымиып қарады.

– Көршілердің біреуіне тағы бір соғым келді, – деді онымен қатар тұрған келіншегі ауладан көзін алмай.

Есік алдына келіп тоқтаған сарғыш таксиден қорбаңдап түсіп жатқан қыр адамын өзі де көріп тұрған. Шал тымағының маңдайын көтеріп, тоғыз қабатты үйге шалқая бір қарап алып, машинаның артқы жағындағы оны-пұнысын түсірді де, таксист жігітке бірдеңелерді айтқан еді, анау жолаушының қол жүгін көтерген бойы подьезге кіре берді.

Қыр қазағын көргенде Сағындықтың алабөтен елегізіп қалатыны бар. Ондайда еліне өз ауылының адамдары түсіп, әрқайсысының мінез-құлқын өзінше ой елегінен өткізіп те алушы еді. Ал, бала кездегі түр-тұрпаты бұлыңғыр ғана жадында қалған Нұрліпті ойлайтын болса, бойын әлдеқандай бір бауырмал, жылылық сезімі баурап алатын. Одан жуықта хат алғаннан кейін алаңғасар да ақ пейіл, перзенттен басқаның бәріне де бай, арсаңдаған адамның қоңыр, қазақы дауыспен:

«Екі-ай, жирен, Жалын түйген... – деп күрсіне отырып айтатын әнінің таныс мақамы санасында қайтадан жаңғырғандай болып еді. Қазір де сол әуенді ыңылдай айтып, өзін іздей қоятындай ешкімнің жоқ екені есіне түскенде іштей құлазып сала берген.

Көршілеріне, әсіресе, қыс айларында ел адамдары келгіш-ақ. Сосын жаз ортасында тағы бір ағылатыны бар. Шешесінің жылына бір-екі дүркін келіп қайтатыны болмаса, өзіне көп ешкім қатынмайды...

Сағындық стол басына қайта отырып, қалың кітап беттерін парақтай бергені сол екен, есіктің қоңырауы безектей жөнелді.

Ол тіпті кітаптан назарын аударып та үлгерген жоқ, кенет есік ашқан келіншегіне әлдекімнің:

– Қабылбайдың үйі осы ма? –деп жатқанын анық естіді.

– Кіріңіз, ата, кіріңіз. Ім-м...не десем екен? Бұл Өтениязовтардың үйі, –деді келіншегі де сасқалақтап.

– Е, ендеше қарағым, бұл үй – Қабылбайдың үйі, – деді жолаушы көңілі орнына түскендей өктем сөйлеп. – Әй, тәкси бала, рақмет. Отырып шай іш. Мен енді үйіме келдім.

Сол мезет төрдегі бөлменің есігінен Сағындық көрінді. Қайыс белдігін ағытып, қолына ұстаған шал оған ежірейе қарап алып:

– Идалайын, мұрныңнан, – деді иегі кемсеңдеп. – Мына күшік шынымен-ақ жатырқап қалған ба, немене? Бері жақын таман келші маған.

Оның кім екенін енді таныған Сағындық не істерін білмей, өз үйінде өзі жат адамдай состиып әлі тұр.

Тұрсынғазы ӘЛПЕЙІСОВ
(1949-2008)

1949 жылы 5-ші наурыз айында Шығыс Түркістандағы (Қытай Халық Республикасы) Іле ауданының Қаратас деген жерінде дүниеге келіп, сол ауданның Қарабақ ауылында өскен. Тұрсынғазы он жасқа дейін Қарабақ ауылындағы бастауыш мектептерден сауатын ашқан. 1959 жылы Қытай Халық Республикасынан Қазақ жерінің шекара ауданы, қазіргі Алматы облысы, Жаркент қаласынан орын теуіп, сондағы Ы. Алтынсарин атындағы мектебінен білім алып, оны 1966 жылы бітірген. Сол жылы Киров атындағы ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1972 жылы тамамдаған.

Сол аралықта Тұрсынғазы мектептің пионер жетекшілігінен еңбек жолын бастап, Еңбекшіқазақ аудандық «Еңбек жалыны», Панфилов аудандық «Жаңалық жаршысы» газеттерінде қызмет істеді. 1972 жылы ол соңғы аталған газеттің редакторының орынбасары болып қызымет етті. 1974 жылы Мәскеудегі Жоғары комсомол мектебінің комсомолдық жұмыстар факультетіне тыңдаушылыққа қабылданды. Мұнан кейін ол Панфилов аудандық комсомолдар комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің, республикалық жастар басылымы - «Жалын» баспасының біршама қызыметтерін атқарды. Сонан соң ол республикалық «Казкинопрокат» мекемесін басқарып, Мемлекеттік киномотография комитетінің басшылығымен республикаға тұғыш рет бейнефильм өнімдерін әкеліп, оны жүйелі түрде іске қосты.

1980 жылдардың аяғында қоғамға нарықтық экономика ендіріле бастаған мезгілде осыған бой ұрған тұңғыш қазақ азаматтарының бірі Тұрсынғазы болатын. Ол өз қаражатына «Жәрдем» деп аталатын өндірістік-сауда кооперативін құрып, құрылыс-жөндеу жұмыстарын қолға алды, сондай-ақ республикада тұңғыш рет сапар мезгілінде бейнефильмдер көрсететін арнайы вагондар жабдықтап, оларды Мәскеу, Санкт-Петербург, Свердловск т.б. бағыттар бойынша іске қосты.

Соншама қауырт істердің арасында жүрсе де, ол қолынан қаламын тастаған жоқ. Оның әңгімелері жиырма шақты жинаққа енген, «Алыс таулар», «Көкшұбардың тұяғы», повестер, әңгімелер жинағы мен «Жоңғардың соңғы қашқыны» сияқты төрт жеке кітаптың авторы, сонымен қоса ұйғыр жазушысы Т.Тохтамовтың тағы басқада орыс жазушыларының еңбектерін қазақ тіліне тәржімалаған.

Өкінішке қарай Тұрсынғазы Әлпейісов 2008 жылы қаңтар айының 4 жұлдызында мәңгілік өмірге аттанып кетті.

ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕГЕН ҚАЛАМГЕР

«Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» дегенді қай қазақ айтса да көрегендікпен айтқан ғой... Мен Базархан ағаны сонау 1990 жылдары композитор деп танитынмын. Себебі ол кісінің «Белжайлау сазы», «Киіз үйі қазақтың», «Демің дірілдеп...» деп аталатын, адамның жан-дүниесін алғашқы ноталарынан бастап-ақ баурап алатын сазды әндерін тыңдаудан жалыққан емеспін. Осындай әнді дүниеге әкелген адам мен үшін аса мәртебелі ғажайып жан ретінде санама ұялап қалды. Алайда ол кісіні де елдің бәрі мен түсінгендей түсіне бермейтініне бара-бара көзім жетті. Неге бұлай деп ойлап көрсем, астарында ағаның мінезі жатыр екен. Жанын түсінгісі келмей (көбіне әдейі түсінбеген болып) көңілін қалдырған адамға қайта илікпей, «қатып» қалады екен. Ондайларды одан кейін адам деп есептемей, аулақ жүреді екен... Мінезсіз адам қаламгер бола алмайтынын білсем де, кей жеріне «әттеген-ай» деп өкінген тұстарым баршылық.

Ол кісінің істеген істеріне қарап, әлгі, түсінісе алмағандардың келте түсініктерін ойлап, адам баласына мінезіне қарап емес, халық үшін істеген істеріне қарап баға беру керек екен-ау деген нық байламға келгенім ырас!

Бұрын да тонның ішкі бауындай араласатын жазушымен кейінгі екі-үш жылда тіпті етене жақын болып кеттік. Адамды бірінші туыс, екінші жүріс, үшінші жұмыс жақындастырады емес пе, бізде осы үшеуі де бар. Өнер адамы ретінде ағалы-інілі болып, жүрісіміз жақын еді, нағашымның баласы ол кісінің немересімен отау көтеріп құда-жекжат болып туыстасып, ту ұстасып шыға келдік. Оның бер жағында Баз-аға ауданда құрылған «Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығының төрағасы болып, біз сол ұжымға тәлімгер болып бір мақсатта жұмыс істеп жүрген жайымыз бар. Көкірегіне өнердің сәулесі қонған адамдардың мақсат-тілектері мен мүдделері бір болып келетіні ақиқат қой. Мен де Алматы облысы мен Панфилов ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, ақын, сазгер Базархан Жақыбаевпен іні-дос ретінде сыйласып, сырласып жүрген адаммын. Әр жақсылығына жаным қалмай қуанып, шынайы тілегімді білдіргенше асығамын. Әдеби орта қалыптастырып, өзара пікір алмасып тұратын жандармыз. Жазушының қаламынан дүниеге келген «Сырлы сезім», «Жетісудың ұлымын», «Жаркентте жеті өзен - жеті арасан», «Тұлпардың тағдыры», «Қош бол, махаббат», «Жесірдің күні» атты шығармаларын ыждаһатпен тамсана оқып, жеке кітәп сөремнің көрнекті жеріне қойып, қолыма жиі алып, ойыма шуақ, тіліме қуат іздеймін. Сондайда көкірек көзім ашылып, қиялым қияндап, шабытым шарықтап шыға келетіні бар.

Базекеңмен әңгімелессең жеке басының жетістіктерін ұмытып, ел игілігі үшін істелетін іс-шараларды тіліне тиек етіп, тың ойларын ортаға салатын әдеті бар. Бәзбіреулердің, «е, ол кісіде мал десе малы, жан десе жаны бар қамсыз адам ғой, басқаға алаңдап неғылсын» деп үстірт баға бергендеріне налимын. Өйткені мен білетін Баз-ағамыз өзім дегенге өз етін кесіп беруден тайынбайтын таза жан! Жақын көрген адамын жауға бермейтін батыл да, батыр мінезді қайсарлығы тағы бар! Ал, бағанағы пікір ол кісінің жан-дүниесіне терең үңіліп көрмей, жеңіл шешімге келгендердің ойы ғана... Өз жағдайын жақсартып алған соң кертіп жеп кекіріп отыратын, елдің шаруасын ермек деп білетін, тоғышар пенделердің бірі емес, керісінше ел намысын ойлап күйіп-пісіп, керісіп жүретін Баз-ағамызға қарап, осы кісіге не жетпейді дейтін сыбысты да естіп қаламыз. Өз басым жақын араласып, біле түскен сайын Баз-аға маған тереңдей түсіп, үнемі ел үшін істелетін ізгілікті істерді, намысқа шабатын жанды жерлерімізді, ел назарынан тыс қалып бара жатқан игіліктерді ашына айтып, өзі бастап басында жүретін мазасыз тұлға ретінде сыйлы. Оған басқасын айтпағанда, бір ғана мысал келтірейін: Суан бабамызға ескерткіш орнатсақ деп шырылдап жүріп, сансыз қарсылықтар мен кедергілерге қарамастан үлкен монумент тұғызуға мұрындық болғанының куәсімін. Бүгінгі күнде осы жұмыс туралы әңгіме болса, ағамыз: «Кезінде кедергілерге шыдамай тастап кетпек болған да едім, Тоқтарбай (Керімқұлов) інімнің бір ауыз сөзі райымнан қайтарды» - деп күйіне еске алады. Тоқтарбай бауырымыз ағаның әлгі ойын құптамай: «Аға бұл жұмысты жолға тастап кетер болсаңыз, әне, алдыңғылар сияқты бұл да қарнын тойдырып, тайып тұрды деген жаманат жамалады», – депті. «Жалмауыз деген жақсы ат емес» дегендей, әлгі сөзден кейін бас тартып, іске бел шешіп кіріскен екен. Бір қызығы, Базыкең халық намысы үшін басталған, бірақ өзінің жанын сан мәрте жаралаған осы жұмыстары үшін ешқандай ақы алмаған да, алам деп ұмтылмаған да екен. Бүгінгі ауыздан шыққан сөзіне де ақша сұрайтын заманда, ақылға симайтын жомарттық әрине!

Елден жиналған қаржыны төгіп-шашпай монументтің жұмысына жұмсағанын сан

рет тексерген комиссия сан рет мақұлдап шешім шығарыпты...

Қысқасы, халқымыздың тағдыр жолын білуге талпынған әр адам бастан кешетін қиындықтарды біздің кейіпкеріміз де басынан кешіп келе жатқанын білсек, Базархан Жақыбаевты да білгеніміз. Ол кісінің шығармаларына жоғары баға беріп отырған орталықтағы қаламгерлер, бірге жүрген бізден гөрі ағамызды жақсы түсінген сияқты. Екі жыл бұрын қолына алған аудандық «Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығының төрағалық жұмысын (бұны да тегін істеп жүр) қолға алып, талантты жас ұрпаққа жол көрсетіп, бағыт-бағдар беру үшін Көктал мен Жаркенттің арасын жол қылып жүрген қарт қаламгерді бағалай аламыз ба ағайын?! Жас таланттыларға, өнер сүйер ұрпаққа ізгіліктің, мейірбандықтың, ілтипаттылықтың, Отан сүйгіштіктің, Ұлт сүйгіштіктің ұрығын таратудың жолында жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жазушы өз шығармашылығын да жыл өткен сайын біртіндеп бел-белестерге көтере түсуде. Оған куә, қолымыздағы баспаның бояуының исі бұрқыраған су жаңа қос кітап. Екеуі де Алматы шаһарындағы «Жамбыл» баспасынан жарыққа шығыпты. Сүйінші ағайын!

Біріншісі: «Ел шығыстан ауғанда» және «Қашқын» деп аталатын повестьер жинағы да, екіншісі: «Жаркентте жеті өзен, жеті арасан» атты деректі танымдық повесть. Егіз қозыдай бір күнде дүниеге келген бұл кітаптардың оқырманға беретін ұлағаты ұшан-теңіз. Өткен ғасырдың басында, 1930 жылғы Сәбеттер қолдан жасаған қанды зобаланда қазақ халқының қызылдар жек көретін бай-манаптарымен бірге шекаралық өлкеде тұрған бөліктері шығысқа ауғанын орта жастан асқан біздер жақсы білеміз. Исі қазақтың өзінікі болса да, бүгінде қытай мемлекетіне тиесілі Шығыс Түркістан жерінде ес жиып, етегін жапқан соң, ата-бабасының зираттары тұрған, өсіп-өнген атамекендерін аңсап, батысқа, Қазақ жеріне, киелі Отанына жетуді ғана ойлаған халық жат өлкені жерсіне алмапты. 1954 жылдың соңына қарай шекара ашылысымен жиған-терген мал-мүлкін тастап енді шығыстан батысқа қарай ауды. Осы арғы-бергі зобаландарда қазақ байқұс рухани да, материалдық жағынан да сансырап, көп азапты бастан кешірді. Осының бәрін көзімен көріп, қолымен ұстап, белортасында жүріп басынан кешкен мехнаттарын Базархан аға сияқты қаламгерлердің, бүгінгі және келешек ұрпақтарға жеткізуді өздеріне саналы түрде мақсат еткендері көрегендік қасиет емей немене! Асыл халқымыздың басынан кешірген, естіген құлақ шошырлық азаптарынан жаның түршігеді. Сталин басқарған қызылдардың қазаққа құрған қанды қақпаны күні кешегі «Желтоқсан құрбандарымен» аяқталды емес пе? Ырымшыл қазақпыз ғой, мен «аяқталды» деп әдейі айтып отырмын. Ондай нәубетті енді еліміздің ертеңіне бере көрмесін жаратқан!

Біз халқымызды зерлі ойдың зеренді ошағы десек, Базархан ағаның әр ісінен сол зерлі ойды паш етуге ұмтылған ұлағатты тұлғаның тіршілігін көреміз! Атамекеніне деген өлшеусіз махаббатын жүрек түкпіріндегі тілмен айтып жеткізгісіз асыл қазынасы – әнімен, жырымен, айшықты тілімен жеткізу үшін жетпістің желкесіне шыққанына, сексенге қарай қадам басқанына қарамай өз өрнегін салып өнеге етіп келеді. Осы ойымның жарқын үлгісі міне, толықтырылып қайта басылған «Жаркентте жеті өзен, жеті арсан» танымдық кітабы. Осы шығармасынан кейін Базархан Жақыбаев есіміне «этнограф-жазушы» деген атауды батыл түрде қосуға болар. Еліміз бен жеріміздің ерекшеліктерін екшеп, ондағы өсімдіктер мен жер аттарын, өзен-көл атауларын жеріне жеткізе, аса білгірлікпен бізге жеткізіп отырған қасиетті қалам иесіне қандай алғыс айтсақ та сияды болмақ. Адамзат құндылықтарының бәрі тіл құдіретінің күшімен ұрпақтан-ұрпаққа насихатталып, саналарына берік орнағанда ғана Отан деген ұлы ұғым асқақтай түспек. Ендеше бұл саладағы жазушының еңбегінің салмағы ауыр, берері шексіз. Рухани жаңғыру үрдісінен кейін белгілі себептермен санамыздан әдейі «сызылып» тасталған, көптеген жылдар бойына тұмшаланып келген атамұраларымыз бен жауһарларымыз қайта жаңғырып, ел игілігіне беріле бастаған тұста қолымызға тиген қос кітаптың құны шексіз. Қазақтың байтақ даласының бір пұшпағына орналасқан Жаркент өңірінің тарихы да, әдеби-мәдени мұралары да жеткілікті. Тек соны шаң-тозаңнан Базыкең тәрізді өте білгірлікпен аршып алып, жас ұрпақтың санасына құюымыз керек.

Белгілі ақын Берқайыр Аманшиннің 1983 жылы маған айтқан бір сөзі есімнен кетпейді. «Орыстың бір танымал жазушысы былай депті деген еді ақын ағамыз: Мен алғашында шығарманың оқиғасына мән беретінмін, сосын, жоқ, оқиға қызықтығының үстіне тіл, көркем, өрнекті, бояулы тіл керек деп, сол бағытта жұмыс істедім. Ең соңында, қандай шұрайлы тілмен де шығарманы алып шыға алмайсың, ол үшін ой, тың ой айта білу қажеттігіне көзім жетті». Өзім оқыған Б.Жақыбаевтың шығармаларына зер салып қарасам, ол кісінің біртіндеп осы үш қасиетке де қол жеткізгені байқалады. Атамекенін ағамыздай білу екінің бірінің қолынан келетін шаруа емесі анық. Біліп қана қою аз, оның аттарын, сол аттарына байланысты аңыз-әңгімелерді зерделеп айта білу үлкен өнер. Жерімізде өсіп-өнетін шөптер мен гүлдердің, ағаштардың қандай қасиеттерге ие екенін тәптіштеп түсіндіру терең білімді, тынымсыз еңбекті қажет ететін дүние.

- Өткен өміріме көз салсам жетістіктеріммен бірге өкінішім де баршылық екен. Қазіргі жасыммен қарағанда қайран алтын уақытымның көбі босқа ысырап болыпты. Оған әрине өзімнен басқа ешкім де кінәлі емес. «... Қазіргі қолда барларымнан көбірек дүние жазар ма едім, бұдан да жақсы жазар ма едім» депті ғой бір жазушы. Мен де дәл солай ойлаймын. Амал не, осы күндеріме тәуба! Сирек мақтаса да әділ бағасын бергенге не жетсін, туған халқыма дән ризамын!, – дейді жазушы жарқын жүзбен.

Жоғарыда, Баз-аға екеуміз қазір жиі пікір алмасамыз деген едім. Кезекті бір әңгімемізде ауыл қаламгерлерінің шығармаларының елеусіз қалатыны, Жазушылар одағы жағынан сол одаққа мүше ақын-жазушылардың өзі насихатталмай жататыны тілімізге тиек болды. Бір жазушы «Қазір де Абайлар бар арамызда, бірақ оларды ешкім танымайды, өйткені олардың Мұхтары жоқ» деген екен. Сол айтқандай қандай мықты қаламгер болса да, шығармалары кең көлемде насихатталмаған соң «шаң басқан архивтерде» қала береді. Олардың бәрі бірдей Абай болмаса да, айтары бар адамдар екені, олардың ішінде де майталман сөз ұсталары бары белгілі. Міне, осы тұрғыдан келгенде ел игілігіне жарар дүниелерді, олардың авторлары туралы айтудан да, жазудан да шаршамауымыз керек деп ойлаймын. «Мүсіреповты мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» депті ғой академик-жазушы Зейнолла Қабдолов. Жер-жерде осындай тұлғалар болады. Әр өлкеде, әр ауданда, әр ауылда соларды бетке ұстап, солармен мақтанады. Біздің кейіпкеріміз де сондай адамдардың бірі.

Әр өлкені өзінің төл перзенті төгілдіріп жырлағандай өзгелер жырлай алмайтыны белгілі. Б.Жақыбаевтың аталмыш екі кітабы да өзінің өзегінен өтіп, жүрегіне жетіп, сезімімен өріліп, көкірегінен төгіліп дүниеге келген туындылар. Ақыл-парасаттың құнарлы жемісі! Сондықтан олар бізге де етене таныс тәрізді әсер қалдырады. Бөтенсімейді, жатырқамайды. Қаламгердің мөлдір мұңына айналып, тағдырының арнасына ұласады. Оқып отырып жазушымен бірге жылап, бірге қуанасың! Қазақ елі, қазақ даласы көз алдыңнан кетпей бірде жырға, бірде әнге айналып өзіне шақырады да тұрады. Өнер құдіреті дегеніміздің өзі осы ғой! Осындай нәрлі де, дәнді, мәнді шығармаларды оқыған сайын өзіңе де қанат біткендей ширығып сала бересің. «Су түбінде асыл тас, жел толқытса шығады, ой түбінде асыл сөз шер толқытса шығады» деген осы шығар. Оқырманына ой салып, елінің өткеніне еріксіз ертіп кететін, әр оқиғасы жүрек қылын шертіп өтетін туындылар беріп отырған бекзада жазушыға алғыс айтпауға шараң бар ма! Осындай құнды еңбектеріңіз көбейе берсін ардақты аға! Ірілігіңізді ісіңізден көріп, мақтаныш етіп, марқайып жүрейік үнемі!

Өзіңіз баспаға кітаптарымды өткізіп келдім деген сәтте туған сүйінші ой өлеңге айналып еді, оқырман назарына ұсынуды жөн санадым:

Сеніміңе рух іздеп халқыңнан,
Артық көріп елдік істі алтыннан.
Келесіз Сіз еңбекпенен есейіп,
Ақ бас шыңға ұқсай түсіп нар тұлғаң!

Ағамыздың сезіп асқақ арманың,
Деймін күліп: «Осы сізде бар ма мұң?»
Тағдыр жазған талантына сан рет,
Өзгелерді мойындатқан ардағым!

Бара-бара кең ашылып тынысың,
Сөзің кесек, ойың терең, ірісің!
Ірілерді көре алмайды ұсақтар –
Оларменен жоқ қой бірақ, жұмысың...

Тілегім сол, аман жүрші арысым,
Қорғау үшін туған елдің намысын!
Қандай тұлға екеніңді естілер,
Істеп жүрген істеріңен танысын!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ
ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор **– Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер **– Әділет МҰСАХАЕВ**
Газеттің эл.почтасы: **jar-aina@mail.ru**

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢ Газет индексі - 65161
➢ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №974